

Тоқаев тоқтамы:

БҰҰ–ның БАЛАМАСЫ ЖОҚ

*БҰҰ атына жиі сын айтылады. Кейбір сын орынды бол-
са да, бәрібір бұл Ұйымның баламасы жоқ. Оны нығайту,
тиімділігін арттыру – ортақ міндетіміз. БҰҰ-ның аймақ-
тық құрылымдармен, соның ішінде ШЫҰ-мен тығыз ықпал-
дастығы осы мақсатқа сай келеді. Қазақстан Біріккен
Ұлттар Ұйымы халықаралық жүйенің өзегі, ал оның Жарғысы
халықаралық құқықтың әмбебап негізі болып қалуға тиіс деп
санайды.*

Мемлекет басшысының
ШЫҰ саммитінде сөйлеген сөзінен

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжәшік Ақшамы Газеті

ТОҚАЕВ ҚЫЗЫЛОРДАНЫ НЕГЕ МАҚТАДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тамыз конференция-сының пленарлық отырысына қатысып, жиынға еліміздің барлық аймағынан келген ұлағатты ұстаздарды құттықтады. Оқу-ағарту саласындағы кадр тапшылығын жойып, ұстаздардың біліктілігін көтеруге, аймақтар арасындағы білім сапасына қатысты алшақтықты жоюға, жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізуге, балаларды қорғау және олардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға, тәрбиеге баса мән беруге арнайы тоқталды.

Қызылорда облысы үшінші жыл қатарынан Ұлттық бірыңғай тестілеудің орташа баллы жөнінен республикада бірінші орынды

№	Өңір	Тестілеуге қатысқандар		5 пән бойынша орташа балл
		САНЫ	%	
1	Қызылорда облысы	10140	99,55	74,90
2	Алматы қаласы	18071	97,48	74,59
3	Астана қаласы	14508	97,99	74,05
4	Солтүстік Қазақстан облысы	3374	99,06	72,94
5	Павлодар облысы	5143	98,64	71,58
6	Қостанай облысы	4437	98,36	71,42
7	Жетісу облысы	7229	99,29	71,36
8	Шығыс Қазақстан облысы	4464	98,48	70,93
9	Жамбыл облысы	12177	98,74	70,56
10	Абай облысы	5497	98,72	70,46
11	Ақмола облысы	6149	98,95	70,39
12	Батыс Қазақстан облысы	7306	99,29	70,25
13	Маңғыстау облысы	9129	99,01	69,03
14	Қарағанды облысы	7936	98,69	68,81
15	Шымкент қаласы	13849	98,58	68,63
16	Алматы облысы	17816	98,64	67,99
17	Ақтөбе облысы	10405	99,28	67,58
18	Атырау облысы	7529	98,94	66,96
19	Ұлытау облысы	1784	99,22	65,54
20	Түркістан облысы	29723	98,30	64,83
Республика бойынша		196666	98,61	69,76

Президент аймақтар арасындағы білім сапасына қатысты алшақтық жайлы сөз қозғағанда, Ұлттық бірыңғай тестілеудің биылғы нәтижелерін атап өтті. – Мәселен Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарының, сондай-ақ, Астана және Алматы қалаларының түлектері жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Президент Әкімшілігіне Үкіметпен бірлесіп, төмен нәтиже көрсеткен облыстарға нақты көмек көрсетуді, мысалы, арнайы талдау жүргізуді тапсырамын. Ал Үкімет білім жүйесінің тиімділігін арттыра түсетін жан-жақты зерттелген шешімдер ұсынуға тиіс. Бұл мәселеде жетістікке ие болған мектептер мен даму институттарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланған жөн, – деді Мемлекет басшысы.

иеленді. Мектеп бітіруші 10 340 түлектің 10 140-ы немесе 99,55 пайызы ҰБТ-ға қатысты. Орташа балл 74,90, 100 және одан жоғары балл жинағандар саны 1 616 немесе 16 пайыз.

Кейінгі төрт жылда бұрынғы облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен білім саласына аймақ бюджетінің 45 пайызы бағытталды. Саланың инфрақұрылымы қарқынды дамып, осы уақытта жаңадан бой көтерген білім беру, қосымша білім беру мекемелерінің саны 46-ға жеткен. Олардың қатарында мектептер, балабақшалар, Оқушылар сарайлары, Өнер мектептері, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық, «Ai-kerim» оқу-сауықтыру орталықтары, Ботаникалық бақ сияқты нысандар бар.

3-бетте

МЕКТЕПТЕ ЕРЕЖЕ ЖАҢАРТЫЛЫП, ТАЛАП ӨЗГЕРДІ

МЕКТЕП ФОРМАСЫН САҚТАМАҒАН АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Оқушылар мектеп қабырғасында тиесілі сабақ үлгерімінен тыс өзге де талаптарға мойынсұнғаны абзал. Себебі, білім ордасындағы басшылық ата-аналар мен қамқоршылық кеңестің пікірлерін қаперге алып, білім алушыларға тиесілі талаптарды күшейтуі бек мүмкін. Бүгінде оқушы қыз балалар білім беру мекемесіне макияжсыз келуі тиіс деген заң жоқ. Алайда жасөспірім қыздардың опа-далапқа қызығушылық танытатын кезеңдерінде тікелей заң болмаса да, әр мектеп ішкі тәртіп ережелеріне өзгеріс еңгізіп, сабаққа кірпік қосып, бет өрлеп келуге тыйым салуы мүмкін. Мәселен, мектеп формасына қатысты ережені ескермеген оқушының ата-анасына ескерту жасалады. Орындалмаса 5 АЕК көлемінде, нақтырағы 21 625 теңге айыппұл салынады. Сол себепті, тәртіпке бағынған дұрыс.

Сондай ақ, әр мектептегі өзін-өзі басқару органдары, қамқоршылық кеңес және ата-аналар жан-жақтан бірлесіп балалардың мектеп формасына таңдау жасайды. Көпшіліктің талғамы жергілікті климатқа, мектептегі температурға сәйкес келуі міндетті. Ер және қыз балаларға арналған мектеп формасы мерекелік, күнделікті және спорттық бағытта болуы тиіс. Форманы білім беру мекемесі белгілі бір дүкен, не тігін цехынан алуға мәжбүрлей алмайды. Егер аталған фактіге сәйкес өреkesкел оқиғалар орын алса, Оқу-ағарту министрлігіне, болмаса Білім саласында сапаны қамтамасыз ету аумақтық департаментіне шағым түсіруге болады.

СМАРТФОНҒА ТЫЙЫМ...

Министрліктің мәлімдеуінше, оқу барысында оқушылардың ойы жан-жаққа алаңдамаулары үшін смартфон қолдануға тыйым салынбақ. Нақтырағы 1-7 сынып оқушылары сабақ барысында ұялы телефондарын ұстаздарға тапсыруы, немесе сөмкесінен шығармауы қажет. Әйткенмен, үзіліс кезінде телефон қолдануға құқылы екендерін ескерген жөн. Жоғары сынып білім алушыларының оқу форматына бұл ретте талап басқаша болады.

ОҚУШЫЛАР ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАРМЕН ОҚИДЫ...

Елімізде осы оқу жылындағы жаңа ережелер мен талаптар барысында жаңалықтар орын алуда. Мәселен, оқушылар үшін қолданыстағы оқулықтар жаңартылмақ. Жоспарға сәйкес, 3-і сыныптың жаңа оқулықтары келер айдың соңына дейін қолданысқа беріледі. Осы үрдіспен сәтін салса келер жылдың басына дейін 4 және 9 сыныптарға, сәуір айына дейін 8-сыныпқа арналған оқулықтарға өзгерістер еңгізіледі. Айта кету керек, басымдық қазақ және орыс тілдері, математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, музыка, дүние жүзі тарихы пәндеріне беріледі.

МЕКТЕПТЕГІ АС МӘЗІРІНДЕ ӨЗГЕРІС БАР

Көпшіліктің көкейіндегі күп болып жүрген ыстық тамаққа қатысты аса өзгеріс жоқ. Әдеттегідей әлеуметтік осал топтағы балалар мен бастауыш сынып оқушылары толықтай тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Ал ас мәзіріне және ондағы құрамға қатысты талап күшейді. Балалардың денсаулығына пайдалы құнарлы тағам түрлерін қолдана отырып, ас әзірлеуге басымдық беріледі. Қант пен иодталған тұз да белгілі мөлшерде қолданылады. Көкөніс, жеміс, жарма, жаңғақ, жидек түрлері мен бұршақ тұқымдастар міндетті түрде ас мәзірінің басты қоспа түрлері болады. Осы арқылы ескелең ұрпаққа үздік білім берумен қатар, олардың дендерінің саулықтарына да басымдық берілуде.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕН ӨТКІЗУДЕ ӨЗГЕРІС БАР

Елімізде балаларды профилактикалық медициналық тексеруден өткізу енді жаңа әдіспен жүргізілмек. Медициналық тексеру нәтижелерін цифрлық жүйелер мен мобильді қосымшалар арқылы қарауға мүмкіндік бар. Медицина мамандары булдіршіндерден жасөспірімдерге дейін реттілік бойынша бой және салмақтан бастап, деннің саулығын жан-жақты тексеруге міндетті. Сонымен бірге, алты жасқа дейінгі балаларды міндетті түрде лор, хирург, офтальмолог, стоматолог және невролог мамандарына қарату қажет. Өзгерістерге сәйкес медицина мамандары баланың терісінен жара, не күйік тыртығын көрсе, немқұрайлықпен қарамай, оның қауіпсіздігі үшін арнайы күтім мен көмек көрсетуі тиіс. Балаларға плантография жасалады, қандағы оттегі деңгейі тексеріледі. Сәйкесінше жүрек қағысын ЭКГ аппараты арқылы анықтайды. 10, 14, 15, 16 жастағы балалар кардиограмма арқылы тексерістен өтеді. Он жастан асқан балалардың жыныстық даму деңгейіне зер салына, қыз балалардың жетілуі 12, 14 және 16 жаста қаралады.

ҰСТАЗДАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖИ АНЫҚТАЙДЫ...

Жоспарға сәйкес министрлік жасанды интеллект құралын алдымен Павлодар және Қызылорда облыстарындағы 10 мектепте тестілеуден өткізіп, қолдану аясын 500 шағын жинақты мектепке дейін кеңейтуді көздеуде. Сәтін салса, болашақта еліміз бойынша тіркелген 2600 шағын жинақты мектепке енгізуді негізге алуда. Айта кетейік, ел мектептеріне жасанды интеллектті енгізудегі басты мақсат - қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасын теңестіріп, ЖИ-репетиторларды да қолданысқа еңгізу.

ӘСКЕРИ ӨТІЛІ ЖОҚТАР АӘД-тан САБАҚ БЕРМЕЙДІ...

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңға енгізілген өзгертулерге сәйкес, осы оқу жылында АӘД жана бағыт бойынша оқытылмақ. Яғни "Алғашқы Әскери дайындық" пәні қолданбалы, тәжірибелік сипатқа ие болуынан бөлек ұстаздардың әскери өтілі болуы да басты назарда болады.

БІРІНШІ СЫНЫП КӨБЕЙДІ...

Соңғы жылдары сұранысқа сәйкес мектеп саны да артуда. Қуантарлығы соңғы алты жылда елімізде 1200-ден астам жаңа мектеп бой көтеріп, үш ауысымда жұмыс істейтін білім ордаларының саны төрт есеге азайған. Жалпы білім беретін 8048 мектепке қосымша осы жылы 101 жаңа мектептің іргетасын қалау министрліктің жоспарына енгізілген. 2026-2027 оқу жылында бірінші сыныпқа қабылданған оқушылар саны 380 мыңнан асты. Мемлекеттік мектепке 296 мыңы барса, 23 мыңға жуық оқушы мен ата ананың таңдауы жеке-меншік мектептерге түскен. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар 4 мыңға жуық бала білім беру ұйымдарына қабылданды. Айта кету керек, облыс орталықтарындағы білім ордаларына 191 мыңға жуық, ауылдық мектептерге 128 мың оқушы бірінші сыныпқа қабылданған.

А.ӘЛИАРЫСТАН

8-бетте

ТАҒЫНА ДА, БАҒЫНА ДА ТАЛАСПАЙСЫҢ...

Жаңа оқу жылымен қатар Мемлекет басшылығында, Үкімет басында да бірқатар өзгерістер орын алды. Атап айтсақ бұған дейін Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары қызметін атқарған **Ерлан Қарин** Қазақстан Республикасының Вице-президенті лауазымына тағайындалды.

Құрылтай сайлауы өткен күні Қасым-Жомарт Тоқаев «республиканың вице-президенті танымал тұлға, қазақстандықтарға жақсы таныс адам» болатынын айта өткен болатын. Артынша, жауапты қызмет иесі туралы ел алдында ресми түрде мәлімдеді.

Президент Қасым-ЖомартТОҚАЕВ:

- "Вице-президент ерекше рөл атқаратын болады, Құрылтай депутаттарымен тығыз жұмыс жасап, Конституциямен айқындалған өкілеттіктерді жүзеге асырады. Осыған байланысты мен Ерлан Қариннің кандидатурасын ұсынамын. Ол - көп жылдар бойы мемлекеттік қызметте еңбек етіп келе жатқан танымал мемлекет қайраткері. Тәжірибесі мол, оны жақсы білесіздер. Ол ұзақ жылдар бойы еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келеді".

Құрылтайдың алғашқы отырысында сөйлеген сөзінде «Құрылтайдың құрылымы жасақталған соң мен өздеріңізге вице-президенттің және премьер-министрдің кандидатуралары бойынша ұсыныс енгіземін. Содан кейін сіздермен ақылдасып, Үкімет мүшелерін тағайындаймын. Сонымен қатар жаңа лауазымды – Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының орынбасарын тағайындаймын», - деген Мемлекет басшысы тиісті жарлыққа қол қойып, келесі жаңа лауазым иелерін таныстырған болатын. Осыған дейін Мәдениет және ақпарат министрі болған **Аида Балаева** енді Қазақстан Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды.



алғашқы сессиясында Құрылтай Төрағасы ретінде «Әділет» саяси партиясының көшбасшысы **Айбек Дәдебайдың** кандидатурасын ұсынды. Құрылтай депутаттарының қолтауымен жаңа бірпалаталы парламенттің төрағасы қызметіне Айбек Дәдебай сайланды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен бұрынғы Үкімет басшысы **Олжас Абайұлы Бектенов** Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы лауазымына қайта сайланды. Оның кандидатурасын Мемлекет басшысы Құрылтай депутаттарына ұсынғанда дауыс беруге қатысқан 144 депутаттың 137 депутат қолдаған. 7-і қалыс қалған.



ҚЫЗЫЛОРДА – ӘДЕМІ ҚАЛА...

Қызылорда бүгінде аумағы ғана емес құрылыс қарқыны, инженерлік инфрақұрылымы мен қоғамдық кеңістіктері қатар жаңарып жатқан сәулетті қала. Осындай қарқынды даму кезеңінде шаһардың көле-шектегі келбетін алдын ала жоспарлау, құрылыс талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және сәулеттік шешімдерді біріздендіру өз маңызын жойған емес.

Бұл туралы **Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Д.Сырлыбаев** брифинг барысында мәлімдеді.

Қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің мәліметіне сәйкес 2026 жылдың алғашқы алты айында осы бағыттар бойынша бірқатар жұмыстар атқарылған. Брифингте айтылған мәліметтерге қарағанда есепті кезеңде негізгі назар жаңа бас жоспарды әзірлеуге, құрылыс нысандарына мониторинг жүргізуге, мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуге және қаланың сәулеттік келбетін жақсартуға бағытталыпты.

БАС ЖОСПАР – ДАМУ КЕПІЛІ

Брифингте көтерілген ең маңызды мәселелердің бірі Қызылорда қаласының жаңа бас жоспарын қалыптастыруға баса мән берілді. Бұл ретте қолданыстағы бас жоспардың мүмкіндіктері мен қазіргі қаланың даму қарқыны сөз болды. Осы арқылы жаңа тұрғын аудандарды қалыптастырып, инженерлік желілер мен әлеуметтік инфрақұрылымға деген қажеттілікті арттыру мүмкіндіктері қозғалды.

Бөлім басшысының айтуынша қазіргі уақытта жаңа бас жоспар әзірленіп жатыр.Жобаны әзірлеуге 2024 жылы қалалық бюджеттен 300 млн. теңге бөлінген. Мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша жобалаушы ұйым ретінде Алматы қаласының «Казгипроград»1 Жобалау институты) ЖШС белгіленіп, 2024 жылғы 18 қыркүйекте келісімшарт жасалған.

Жаңа жоба бойынша қаланың аумағын 20 700 гектарға дейін ұлғайту қарастырылған. Атап айтқанда, «ПМК-66» немесе «Обводнитель» саяжай массивінің 172 гектар аумағын қала құрамына енгізу көзделіп отыр. Сонымен қатар «Эдельвейс», «Орбита», «Сабалак», «Ягодка», «Еңбек», «Обводнитель» саяжай массивтерінің жер санатын елді мекендер жерінің санатына ауыстыру мүмкіндігі қарастырылған.Бұл шешімдер болашақтағы тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымдық жобаларды жоспарлауға тікелей әсер етеді деп күтілуде.

Негізінен жаңа бас жоспардың жершелелігі – оны әзірлеу барысында бірқатар сараптамалық және қоғамдық рәсімдердің жүргізілуінде болып тұр. Жоба 2025 жылғы 24 желтоқсанда қоғамдық талқылауға жарияланған.

Соның негізінде 2026 жылғы 28 сәуірде Сырдария өзенінің су қорғау аймағын нақты өзен арнасына сәйкестендіру бойынша жоба бекітілген. Бұдан бөлек қала аумағындағы 12 су алу құрылысының санитарлық қорғау аймақтарының жобалары әзірленген.

Сол сияқты қала бойынша 20768 гектар аумақта топографиялық түсірілім жүргізіліп, 1 сәуірде «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-ның келісімі алынған.Стратегиялық экологиялық бағалау рәсімдері де жүргізіліп, министрліктің тиісті келісімі келген.Ал 13 шілдеде Қызылорда қаласының жаңа бас жоспары бойынша қоғамдық тараптау өткізіліпті.

Ендігі кезекте жобаны мемлекеттік сараптамаға ұсынып, жыл соңына дейін бекіту көзделіп отыр.Жоғарыда айтып өткеніміздей, жобаның жалпы құны 300 млн. теңгені құрайды. Келісімшарт құны 299 млн. 733 мың теңгені құраса, оның 260 млн. 141 мың теңгесі игерілген.

4-бетте

ЕРГЕШБАЕВ ҚҰР АРАЛАМАЙДЫ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев қала аумағындағы құрылысы жүріп жатқан нысандарды аралады.

Алдымен «Еңбек» саяжайы аумағына салынатын тоғыз қабатты 22 тұрғын үйдің құрылыс алаңына барды. Мұнда 1 936 пәтер бар заманауи тұрғын үй кешені бой көтереді. Жобаны жүзеге асыруға 44 млрд. 718 млн. теңгеден астам қаржы бөлінген. Бүгінде мердігер мекемелер анықталды.

театрдың құрылысын көрді. Кітапхана құрылысына инвестор қаражаты есебінен 20 млрд. теңге бөлінген. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метр болатын ғимаратта электронды оқу және конференция залдары, архив, баспахана, бағдарламалау және жасанды интеллектіні дамытуға арналған медиазертхана, подкаст студиясы және оқырмандарға қызмет көрсету бөлімдері орналасады.

Ал драма театрдың жалпы аумағы



«Мелиоратор» ЖШС Президент саябағы аумағындағы 8,2 гектарға тоғыз қабатты 15 тұрғын үй кешенін, жайлы әрі сапалы баспана салуда. Жақын арада 945 пәтер пайдалануға беріледі.

Аймақ басшысы осы аумақтағы Президенттік кітапхана мен драма

18 мың шаршы метрден асады. Онда репетициялық залдар, студиялар, шығармашылық кеңістіктер мен әкімшілік кабинеттер қарастырылған. Заманауи сахналық техника, қуатты дыбыс жүйесі және соңғы үлгідегі жабдықтармен жарақталады.

Одан кейін аймақ басшысы

БІРІ ЖАҢБЫРЛАТЫП, БІРІ ТАМШЫЛАТЫП ЖҮГЕРІ ӨСІРУДЕ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Шиелі ауданына жұмыс сапары кезінде Телікөл ауылдық округіндегі «Таң ЛТД» ЖШС жүгеріні тамшылатып суару әдісі арқылы өсірілген жүгері алқабына барды.

Аймақ басшысы үш мың гектар алқапқа жүгері өсіруге бағытталған жаңашыл жобамен, биыл егілген мың гектар егістің жай-күйімен танысты. Мұнда да мемлекеттік қолдау және инвестициялық қаржы есебінен су үнемдеу жабдықтары, суару жүйелеріне қажетті инфрақұрылым тартылған.

2024 жылы қытайлық «Bayan Country Jiarun Agricultural Development CO» компаниясының өкілдерімен бірлескен жұмыс нәтижесінде былтыр тамшылатып суару әдісімен 700 гектарға жүгері егіліп, одан 4,5 мың тоннадан астам өнім жиналған. Осылайша аталған жоба тиімділігін көрсетіп, өнім көлемі жылдан жылға артып келеді.

Алқапта 50 адам еңбек етуде, 2027 жылға дейін толық қуатымен іске қосылады.

Ал «Центр Семеноводства» ЖШС Талаптан ауылдық округінде жүгеріні тамшылатып суару әдісімен өсіруде.

Негізгі 10 млрд. теңгені жобасы аясында 10 мың гектар алқапқа жаңбырлатып суару технологиясы арқылы дәндік жүгері өсіріледі. Биыл шаруашылық мың гектар жерге осы дақылды еккен. Мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіліп, суару жүйелерінің жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, тартылған инвестиция есебінен су үнемдеу технологияларына қажетті құралдар сатып алынған.

Қазір егіс алқабында 50 адам тұрақты жұмыс істейді. Жобаны 2026-2028 жылдары кезең-кезеңімен толық іске қосу жоспарланып отыр.

Айта кетейік, биыл Шиелі ауданында 32 499 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Бүгінде егін жинау науқаны қарқынды жүргізілуде, 1 661 тонна бидай, 15 гектар арпа толық орылған. Егін жинау науқаны жалғасуда.

Өңірде су үнемдеу технологияларын енгізу қарқыны жыл сайын артып келеді.

Өткен жылы мұндай технологиялар 8 100 гектар алқапқа қолданылса, биыл оның көлемі 14 200 гектарға дейін ұлғайды.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІНЕ ШАҚЫРАДЫ

Әр қазақстандықтың зейнетақы жинақтары – тиімді басқаруға болатын қаржылық ресурс. «БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) салымшылары өз жинақтарының кірістілігіне дербес ықпал ете алады. Ол үшін зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) беру мүмкіндігі бар. ИПБ зейнетақы активтерін кіріс алу мақсатында инвестициялық декларацияда көзделген акцияларға, облигацияларға, валюттаға және басқа да қаржы құралдарына инвестициялайды.

БЖЗҚ Қазақстан халқының қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Жыл басынан бері Қор 600 мың адамды қамтыған 30 мыңға жуық ақпараттық кездесу өткізді, сондай-ақ 220 мыңнан астам өтінішті қарады.

2026 жылғы қыркүйектің 17 күні сағат 11:00 және 14:00 «БЖЗҚ» АҚ барша ниет білдірушілерді «Салымшылардың өз зейнетақы активтерін басқаруға қатысуы және инвестициялық портфельді басқарушы компаниялар туралы ақпаратты өз бетінше алуға арналған invest.enpf.kz порталы» тақырыбында өтетін кезекті Ашық есік күніне қатысуға шақырады. Іс-шара онлайн форматта өтеді.

Өткізілетін мекенжайы: Шиелі ауданы, Шиелі кенті, КТУ-11/3 көшесі. Кездесу барысында Сіз:

- ҚР Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістерге байланысты салымшылар үшін қандай мүмкіндіктер пайда болғанын;
- ИПБ қандай қызметтер ұсынатынын;
- ИПБ-ны қалай таңдауға және зейнетақы жинақтарын оған қалай беруге болатынын;
- зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына берген кездегі оларды қорғау тетіктерін;
- бірыңғай ақпараттық интернет-платформа – **invest.enpf.kz** сайтын пайдалану тәсілдері мен оның артықшылықтары туралы білесіз.

Сонымен қатар БЖЗҚ мамандары қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, зейнетақы жүйесіне қатысты мәселелер бойынша жеке кеңестерін ұсынады. Барша ниет білдірушілерді Ашық есік күніне қатысып, зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктері туралы өзекті әрі сенімді ақпарат алуға шақырамыз.

«БЖЗҚ» АҚ өз салымшыларын, алушыларды және барша ниет білдірушілерді «Ашық есік күнінде» күтеді!

«Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылысымен танысты. Өткен жылдың шілде айында басталған нысанның жалпы аумағы 26 мың шаршы метр, 50 метрлік жүзу бассейні, халықаралық жарыстар өткізуге арналған 2 500 орындық зал, форумдар мен түрлі жиындарға арналған 300 орындық конференция залы болады. Қазір құрылыстың 85 пайызы аяқталған.

Қызылордада бірнеше медициналық нысан құрылысы салынып жатқаны белгілі. Соның бірі – сол жағалаудағы 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 төсектік көпбейінді аурухана. Пайдалануға берілген соң тұрғындарға мамандандырылған медициналық көмек көрсету ісі жүйелене түседі.

Аймақ басшысы Титов шағын ауданында салынып жатқан бір ауысымда 400 келушіні қабылдайтын №5 қалалық емхананың құрылысын да көрді. Бүгінде үшінші қабаттың монолитті бағандары бетондалуда. Бірінші қабаттың аралық қабырғалары қаланып, ішкі инженерлік желілер тартылып жатыр. Жертеле қабатының аралық қабырғалары қаланып біткен.

Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылысы аясында екі жолақты өткел, көпір, тіреу қабырғалары, жаяу жүргіншілер жолы және жол жабыны салынады. Бүгінде айналма теміржол жүргізіліп, электр, байланыс, жарық бағаналары, ауызсу, инженерлік желілер көшірілген.

Құрылыс алаңдарындағы жұмысты көріп шыққан соң облыс әкімі жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

КЕРІ БАЙЛАНЫС – ХАЛЫҚПЕН ТӨТЕ БАЙЛАНЫС

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Оған барлық құқық қорғау органдарының бірінші басшылары қатысып, полиция департаментінің басшысы Серік Ерғешов баяндама жасады.

Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды бастамаларының бірі – «Заң мен тәртіп» қағидаты. Бұл қоғамның дамуына, адамдардың қауіпсіздігі мен бостандығына негіз болады.

Қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күресу – құқық қорғау органдарының негізгі міндеті. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізілуде. Кейінгі төрт жылда полиция органдарының ағымдағы шығындарына, материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға және цифрландыруға жергілікті бюджеттен қомақты қаржы бөлінді.

Аймақ басшысы қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

– «Қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуда, азаматтардың қауіпсіздігі және халықтың полицияға деген сенімін арттыруда жедел шаралар қабылдап, жұмысты жетілдіру керек.

Қоғамдық орындардағы қауіпсіздікті сақтау және құқықбұзушылықтың алдын алуда профилактикалық жұмыстарды күшейту, бейнебақылау жүйелерінің тиімділігін арттыру, заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет.

ӘКІМГЕ АЙТЫЛАР МӘСЕЛЕ АЗ БА...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев азаматтарды кезектілік тәртібімен жеке қабылдады.

Келушілердің басым бөлігі тұрақты жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау, тұрғын үй және қосымша білім беру мәселелерін көтерді.

Қызылорда қаласының тұрғыны «Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі

Жұмыс іздеушілерге заң талаптарына сәй-кес тұрақты жұмыс орындары ұсынылады.

Қала тұрғыны қабылдауға баласының мүгедектік тобын қайта қарау мәселесімен келген. Бұл бойынша медициналық меке-меге жүгінген. Қазіргі уақытта 2-ші топ мүгедектігі бар азамат медициналық көмекпен, тиісті құралдармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ биыл санаторий-



Облыс әкімінің жеке қабылдауына жазылу үшін тұрғындар eGov порталы, e-Otinish бірыңғай платформасында немесе әкімдікке жазбаша өтініш қалдыра алады.

бар адамдар» санаты бойынша үй кезегіне тұрғанына, баспана мәселесіне тоқталды. Оған тұрғын үй мұқтаж адамдарға кезек-тілік тәртібімен, заң аясында берілетіні түсіндірілді.

Сонымен қатар жақындарын тұрақты жұмысқа орналастыруды сұраған қала тұрғындарының өтініштері де қаралды.

курорттық мекемеде ем алған. Мамандар мүгедектік тобын өзгертуге негіз жоқ екенін айтты.

Сырдария ауданы Жетікөл ауылының тұрғыны үй кезегін қайта қалпына кел-тіруді сұрады. Ол 2016 жылдың тамыз айында жалғызбасты санатымен Қызыл-орда қаласынан тұрғын үй кезегіне тұрған.

Кейін ауылға қоныс аударуына бай-ланысты кезектен шығарылған. Қазіргі таңда ауданда тұрғын үй кезегінде тұр. Өтініш иесіне кезектілікке қатысты заң талаптары түсіндірілді.

Қабылдауда көтерілген әрбір мәселе жан-жақты қаралып, тұрғындардың өтініштері бойынша жауапты сала басшы-ларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Сонымен қатар полиция органдары халықпен кері байланысқа, азаматтардың өтініштері мен мәселелеріне жедел ден қоюы тиіс. Орын алған жағдайлар, тіркелген қылмыстар, құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты дер кезінде тартып, туындаған сауалдарға кешіктірмей жауап беру керек.

Заңға бағыну, тәртіп сақтау - орнықты дамуымыздың басты ұстанымы. Қылмыс пен тәртіпсіздікке жол берілмейтін қауіпсіз қоғам құрудағы жүйелі жұмыс жалғаса береді.

Барша жерлестеріміз, жастар заң үстемдігінің маңызын түсінуі тиіс. “Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды” деген батыр Бауыржан Момышұлының сөзі бүгінге бағдар болуы керек”, – деді Мұрат Ерғешбаев.

Қазір барлық ауданда 616 бейнекамера және 54 жылдамдық өлшегіш құрылғы орнатылып, жедел басқару орталықтары іске қосылған.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде заманауи технологияларды кеңінен қолдануға басымдық берілген. Өсіресе, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану арқылы құқық бұзушылықты жедел анықтау және алдын алу жетілдіріліп келеді.

Осы мақсатта 2025-2026 жылдары 1400 бейнекамера, 20 зияткерлік қиылыс және 58 стационарлық жылдамдық өлшегіш орнатылды. Сондай-ақ, жол қозғалысын бақылауға арналған 25 «Сұңқар» арнайы кешені іске қосылды.

аудандық сотының судьяларымен және мамандарымен кездесіп, сот төрелігінің сапасы мен тиімділігін арттыру, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріне ерекше тоқталып өтті.

Кездесу соңында Ә.Шығамбаев сот жүйесіне деген халық сенімі әрбір судья мен сот қызметкерінің кәсібилігіне, жауапкершілігіне байланысты екенін айта келіп, қызметтік міндеттерді адал атқарудың маңыздылығына тоқталып, ұжымның жұмысына сәттілік тіледі.

СЕМИНАР ӨТТІ

Қызылорда облыстық сотында «Азаматтық құқық және процесс» секциясы бойынша семинар өткізілді.

Семинарға Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы С.Абызбаева, облыстық соттың судьялары, қалалық соттардың судьялары, аудандық соттардың төрағалары мен судьялары бейнебайланыс арқылы қатысты.

Семинарды сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы С.Абызбаева ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығына тоқталды.

Семинар барысында Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Бегімбаев «Мемлекеттік сатып алу туралы Заңға енгізілген өзгерістер» тақырыбында баяндама жасады.

Қызылорда қалалық сотының судьясы А.Абдразахов «Цифрлық кодекс: жаңа нормалар және оларды қолдану тәжірибесі» тақырыбында баяндама жасап, бірқатар мәселелерге тоқталды.

Семинар соңында қатысушылар көтерілген мәселелер бойынша өзара пікір алмасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

ТАТУЛАСУМЕН АЯҚТАЛДЫ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтҚ-нің 73-бабы 1-бөлігі бойынша азамат Б.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Азамат Б. алкогольдік масаң күйде туысына былапты сөйлеп, үй тыныштығын бұзып, отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсеткен.

Сот отырысында құқық бұзушы Б. өз әрекетін толық мойындап, жәбірленушіден кешірім сұрап татуласқанын көрсетті.

Жәбірленуші кешірім беретінін көрсетіп, іс жүргізуді тоқтатуды сұраған.

Сырдария аудандық сотының қаулысымен тараптардың татуласуына байланысты Б. әкімшілік жауаптылықтан босатылып, іс өндірістен тоқтатылды.

Сырдария аудандық соты

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінің тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бөйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын кешіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	

Қызылорда облысының әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ:

ЖЕТІСТІКТЕРМЕН ШЕКТЕЛУГЕ БОЛМАЙДЫ

Қызылордадағы «Өнер орталығында» «Жаңа халықтық Конституцияның нормалары мен құндылықтары: Адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» атты облыстық педагогикалық тамыз конференциясы өтті.

Алқалы жиынға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Жәмилә Есанова, Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері, білім саласының ардагерлері мен ұстаздар қатысты.

Тамыз конференциясында аймақтың білім беру саласындағы жетістіктер мен маңызды бастамалар жан-жақты талқыланды.

– «Жаңа оқу жылы қарсаңында алдағы даму бағытын белгілеу өте маңызды. Ұстаздардың республикалық тамыз конференциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу – бәріміздің ортақ міндетіміз» деп атап өтті. Басымдықтардың қатарында кадр тапшылығын жойып, ұстаздардың біліктілігін көтеру, аймақтар арасындағы білім сапасына қатысты алшақтықты жою, жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне енгізу, балаларды қорғау және олардың тәрбиесіне мән беру секілді негізгі бес бағыт айқындалды.

Президентіміз өз сөзінде Қызылорда облысының мектеп бітірушілері Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізгенін ерекше атап өтті. Түлектеріміз үшінші жыл қатарынан республикада бірінші орында. Бұл ең алдымен ұстаздардың табанды еңбегі мен мемлекет қолдауының нәтижесі деп білемін.

Облыстың 967 түлегі «Алтын белгі», 1124 түлегі «Үздік аттестат» иегері атанды. Білім алушылардың жетістіктерін мониторингтеу нәтижесінде оқушыларымыз 4-сыныптар арасында республика бойынша үшінші, 9-сыныптар арасында екінші орынға ие болды.

Бұл – жақсы нәтиже. Бірақ осы жетістіктермен шектелуге болмайды.

Президентіміз ауыл мектептерін дамыту және білім сапасы төмен аймақтарға нақты қолдау көрсетуді тапсырды. Осы ретте қала мен ауыл мектептері арасындағы айырмашылықты қысқартып, әрбір баланың сапалы білім алуына жағдай жасауы-

керек. Бұл міндетті тек мектепке жүктеп қоюға болмайды. Мемлекет, мектеп, ата-ана және қоғам бірлесіп жұмыс істегенде ғана нәтиже шығады.

Бұдан бөлек аймақ басшысы педагогтердің біліктілігін арттыруды, жас мұғалімдерді қолдау және тәлімгерлік институтын күшейтуді, балалардың заңды мүдделері мен

ұйымдарының мүмкіндігін тиімді пайдаланып, балалардың бос уақытын ұйымдастыруды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуды тапсырды.

Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары

Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Наурызбай Байқадамов, №10 Білім-инновация лицей-интернатының мұғалімі Нағиша Есбосын, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлеген Мендалиев баяндама жасады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуымен Астана қаласында өткен тамыз кеңесінде Жалағаш ауданы Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің мұғалімі Айгүл Шілдебаева «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен марапатталған болатын.

Ал «Орта білім беретін үздік ұйым» аталымы бойынша берілетін 34 млн. теңге грантқа Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің № 286 мектеп-лицейі лайық деп танылды.

Басқосуда білім саласында еселі еңбек етіп жүрген ұстаздар «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдарымен, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, Оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ыбырай Алтынсарин» медальдарымен, «Білім беру саласының үздігі» төсбелгісімен, «Орта білім беру ісінің үздігі» Құрмет дипломымен, Құрмет грамотасы, министрдің Алғыс хатымен марапатталды.



мыз қажет. Сонымен бірге халық-аралық және республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобалар мен зияткерлік жарыстарға қатысатын дарынды оқушыларды қолдау жүйесін күшейтіміз керек.

Мемлекет басшысы айтқандай: «Ұстаз – ұлттың шамшырағы». Осы жауапты жолда Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас күш-қуат, шығармашылық ізденіс пен кәсіби табыс тілеймін. Жаңа оқу жылы баршаңызға тың бастамалар мен жарқын жеңістер әкелсін!» – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, облыс әкімі жауапты тұлғаларға жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізуде педагогтердің цифрлық құзыретін арттыруды, оқу процесінде тиімді әрі қауіпсіз пайдаланудың озық тәжірибелерін енгізуді тапсырды.

«Адал азамат», «Заң мен тәртіп», Конституциялық құндылықтар тәрбие жұмысының негізгі өзегіне айналуы

қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, әлеуметтік осал топтағы балаларға көмек көрсетуді, қосымша білім беру

Жәмилә Есанова, Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев, Қорқыт ата атындағы

ШЕТ АЙМАҚТАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

«Балалардың сабақтан тыс уақытын тиімді өткізу және жаңа технологияларды меңгеруіне жағдай жасау мақсатында Қызылорда қаласының Әл-Фараби шағын ауданында 7 млрд. теңгеге 360 орындық инновациялық шығармашылық орталығының құрылысы биыл басталып, 2027 жылы пайдалануға беріледі».

Бұл туралы облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев білім қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясында айтты.

Бұған дейін мұндай орталық «Сыр жұлдыздары» деген атпен қаланың басқа шағын ауданында ашылып, жеткіншектердің бос уақытын өткізетін қосымша білім беру ұйымына айналған болатын. Енді Қызылорданың тағы бір шағын ауданында бой көтереді.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен

өңірде білім беру инфрақұрылымы жаңғыруда. 2022 жылдан бері 121 млрд. теңгеден астам қаржыға 46 заманауи білім беру нысаны салынып, ел игілігіне табысталды.

Аймақта көп жылдан бері өзекті болған үш ауысымды мектептер мәселесі толық шешілді. Биыл «Al-Kerim» балалар білім беру-сауықтыру орталығы пайдалануға берілді. Орталық жыл сайын 8 400 баланы қамтып, робототехника, бағдарламалау, инженерлік жобалау және басқа да заманауи дағдыларды үйретуде.

Жаңадан ашылған Ботаникалық білім беру орталығында оқушылар биология, экология және ботаника бағыттарын тәжірибе жүзінде меңгеруде. Балалардың ғылымға қызығушылығын арттыруда осындай жобалардың маңызы ерекше.

"ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ЖЕТПЕЙДІ ДЕП ОТЫРМА..."

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, 2027-2029 жылдары аудандарда жоспарланған инфрақұрылымдық жобалар талқыланды.

Аймақ басшысы жобалардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тиімділігіне, өзектілігіне ерекше мән беруді атап өтті.

– «Бюджет кодексіне сәйкес, алдағы үш жылдық кезеңде республикалық бюджет есебінен маңызды нысандар салу, стратегиялық мәні бар жобаларды қаржыландыру көзделген. Жергілікті бюджеттен де өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған жобаларды іске асыруымыз қажет.

Бұған дейін қала және аудан әкімдеріне, сондай-ақ тиісті басқарма басшыларына республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жобаларды әзірлеу жөнінде тапсырма берген болатынымын. Бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру кезінде бір-бірін қайталайтын және тиімділігі төмен жобаларға жол берілмеуі тиіс. Қаржының нақты нәтижеге бағытталғаны маңызды.

Барлық әкімдер мен басқарма басшыларына

айтарым, жергілікті бюджет қаржысы жетпейді деп отыруға болмайды. Республикалық бюджет есебінен қаржыландыру талаптарына сәйкес келетін жобаларды тиісті министрліктермен қазірден бастап пысықтаңыздар. Олар халықтың жайлы тұрмысына, өмір сүру сапасын арттыруға және өңір экономикасының дамуына бағытталуы тиіс», – деді аймақ басшысы.

Жиында қала және аудан әкімдері алдағы уақытта атқарылатын ауқымды жобалар туралы баяндама жасады.

2027-2028 жылдары бюджет қаражаты есебінен денсаулық сақтау, білім беру, су, энергетика, газ және жылумен жабдықтау, спорт, көлік және туризм инфрақұрылымын дамыту, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жетілдіру, сондай-ақ ұлттық жобаларды іске асыру көзделген.

Мұрат Нәлқожаұлы қала және аудан әкімдеріне жобалардың тиімділігі мен әлеуметтік маңызына баса мән беруді, бюджеттік өтінімдерді сапалы әзірлеуді және тиісті мемлекеттік органдармен жұмысты күшейтуді тапсырды.

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев алдағы жылу беру маусымына дайындық барысын тексеру мақсатында қаладағы бірқатар нысанды аралады.

Алдымен Мемлекет басшысының қолдауымен салынған жаңа жылу-электр орталығына барды. 240 МВт электр және 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа орталық құрылысына түркиялық «Акса Енергу» компаниясы 215 млрд. теңге инвестиция салған.

Жоба аясында қуаты 185 МВт болатын 3 газтурбиналық қондырғы, 55 МВт бу турбинасы, сағатына 127 тонна бу өндіретін 3 қазандық және қуаты 150 Гкал/сағ болатын 2 су жылыту қазандығы орнатылды.

Бүгінде орталық толық іске қосылып, 240 МВт электр энергиясы өндірілуде. Сонымен қатар 4 су жылыту қазандығы іске қосылды. Алдағы жылу беру маусымында қала тұрғындары



Жылу беру маусымында тұрғындарға 92 мың тонна, әлеуметтік нысандарға 19 мың тонна, барлығы 111 мың тонна көмір қажет. Бүгінде өңірлік операторлар көмір қорын толықтыруды бекітілген кестеге сәйкес жүргізуде. Облыстағы 1 079 әлеуметтік нысан жауапты кезеңге 98 пайыз дайын.

жаңа станция арқылы жылумен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ облыс әкімі «Олжас-2005» ЖШС көмір тасымалдаушы операторының қорын көрді. Қазір 6,5 мың тонна қатты отын жеткізілген. Қоймада 2 мың тонна бар, 7 вагон көмір тасымалдануда.

Бұдан кейін аймақ басшысы Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясында жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарын көрді. Мектептің спорт залына, кіші зал және киім ауыстыру бөлме-

ҚЫС ҚАМЫ ҚАНДАЙ?

леріне жөндеу жасалған. Сондай-ақ, облыстық аурухананың дайындығы да тексерілді.

Аралаудан соң жауапты сала басшыларына жылу беру маусымына дайындықты қатаң бақылауда ұстау тапсырылды.

Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 5,5 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл қаражат 8,7 шақырым жылу желісін жаңғыртуды аяқтауға, №1 және №2 газтурбиналық қондырғыларды күрделі жөндеуге, 1,3 шақырым жылу желісін жаңғыртуға, 1 қазандық пен 1 турбинаны, сондай-ақ 10 автономды қазандықты және негізгі әрі қосалқы қондырғыларды жөндеуге бағытталған.

ШАҒЫМДАРДЫҢ КӨПШІЛІГІ — ТАЗАЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК...

нақты міндеттер жүктеді.

– «Қала әкімдігі жауапты мекеме басшыларымен бірлесіп, кемшіліктерді тез арада жойып, қалпына келтіруі керек.

Қызылорда облысы әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ:

– Өткен Үкімет отырысынан кейінгі жылында Астана қаласы әкімдігінің қалалық инфрақұрылым және тіршілікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының қызметін зерделеп, бірыңғай алгоритм қалыптастыруды тапсырған болатынымын. Осы тапсырма аясында жүйелі жұмысты қалға алыңыздар.

Тағы бір өзекті мәселе – тұрғындардан «109» бірыңғай байланыс орталығына келіп түсетін шағымдар. Олардың басым бөлігі тазалық пен қауіпсіздікке қатысты. Бұл мәселелерді шешудің нақты жолдарын қарастырыңыздар.

Бұған дейін қала аумағының санитарлық тазалығын күнделікті бақылау үшін арнайы секторлық бөлініс жасалып, әр секторға облыс әкімінің және қала әкімінің орынбасарлары жауапты болып бекітілген. Осы бөлініс сәйкес өздеріңізге бекітілген аумақтарды тұрақты аралап, жағдайды қатаң бақылауда ұстаныңыздар, – деді облыс әкімі.

ТАУ-КЕН БАЙЫТУ КОМБИНАТЫ – ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА

Жаңақорған ауданы Шалқия кентінде «Liaoning Hongda Group» компаниясы «Бурабай-Жалғызғаш» тау-кен байыту комбинатының құрылысы ресми түрде басталды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, «Liaoning Hongda Group» компаниясының бас директоры Тан Цзюэган қатысты.

Ресімде аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, жаңа өндіріс орны өңір экономикасына тың серпін беретінін атап өтті.

– «Комбинат құрылысының басталуы – Сыр өңірі үшін тарихи оқиға. Бұл – облысымыздың индустриялық дамуына жаңа серпін, экономиканы әртарап-тандыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мол мүмкіндік беретін ірі инвестициялық жоба.

Осындай ауқымды әрі заманауи жобаны аймағымызда жүзеге асырған «Liaoning Hongda Group» компаниясына зор ризашылығымды білдіремін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы елімізді жаңа инвестициялық циклге көшіру, заманауи өндірістерді іске қосу және өңірлердің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануды тапсырған болатын.

Бүгінгі тау-кен байыту комбинаты – осы ауқымды жұмыстардың аса маңызды бөлігі. Құрылысына 138 млрд. теңге қаралған жоба толық іске қосылғанда жылына 210 мың тонна қорғасын-мырыш шикізатын және 20 тонна күміс өндіру жоспарлануда. Ең бастысы, 550-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Бүгін басталып жатқан құрылыс сәтті аяқталып, мерзімінде іске қосылып, ел игілігіне қызмет ететініне сенемін», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада компания директоры Тан Цзюэган, ел ағасы Изадилла Нәзілдаев сөз сөйледі.

Тау-кен байыту комбинатын алдағы екі жыл ішінде салып, 2028 жылы толық аяқтау жоспарланған.

Қазіргі уақытта кен орнының минералдық-шикізат базасын кеңейту мақсатында бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ өндірістік жолдар салу да қолға алынып, құрылыс алаңдары анықталды. Бұдан бөлек, электр желілеріне қосылуға жоба-сметалық құжаттама әзірленді. Қазіргі уақытта нысанда электр қуатымен қамтамасыз ету және электр желілеріне қосу межеленген.

Кейінгі жылдары Сыр өңірінде жаңа өндіріс орындарының негізі қаланып, ірі жобалар жүзеге асуда. Жаңақорған ауданында үш жылда 6,7 млрд. теңгеден астам қаржыға 9 инвестициялық жоба іске қосылды. Биыл 3 жоба көзделсе, оның екеуі ел игілігіне айналды. Алдағы үш жылда облыстың өнеркәсіп саласында 1,9 триллион теңгеге 48 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылады.

ҚЫЗЫЛОРДА – ӘДЕМІ ҚАЛА...

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫНА БАҚЫЛАУ ҚАТАҢ

Негізінен бөлім тарапынан 2026 жылдың алғашқы алты айында жеке және заңды тұлғаларға барлығы 12 017 қызмет көрсетілген. Оның ішінде тоғыз мемлекеттік қызмет бойынша 4 826 өтініш қаралған.

Атап айтқанда 772 сәулет-жоспарлау тапсырмасы беріліп, 648 эскиздік жоба келісілген. Сондай-ақ, 1270 мекенжай анықтамасы беріліп, 382 объектіні бұзуға қатысты қызмет көрсетілген. Бұған қоса жер учаскесіне құқық алу бойынша 1380, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту бойынша 284, кент пен ауыл жерлерінен жер учаскесін беру бойынша 90 қызмет көрсетіліпті. Брифинг барысында бұл қызметтер бойынша мерзімдерді бұзу фактілері орын алмағаны да атап өтілді.

Жер қатынастары саласында тағы 1543 қызмет ел игілігіне ұсынылған. Оның ішінде қосымша жер алу бойынша 648, жерді жалға алу мерзімін ұзарту бойынша 226, жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын келісу бойынша 574 өтініш қаралған. Бұл көрсеткіштердің әрбірі сәулет және қала құрылысы саласының тұрғындардың күнделікті мәселелерімен қаншалықты тығыз байланысты екенін аңғартады.

Жалпы қалада жаңа нысандардың бой көтеруі бірінші кезекте қарқынды дамудың негізгі өлшемім білдіреді. Алайда құрылыс жұмыстарының заң талаптарына сай жүргізілуі назардан тыс емес. Бұл тұрғыда 2026 жылдың алты айында қала аумағындағы құрылыс нысандарына мониторинг жүргізу барысында 99 нысан бойынша құжат-құрылыс бақылауы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасына жолданған. Нәтижесінде басқарма тарапынан 24 млн. 431 мың 576 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Қазіргі таңда 2 нысан бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан құжаттар сұратылып, 6 нысан басқарма тарапынан қаралуда. Сол сияқты 54 нысан бойынша шара қолдануға негіз жоқ деп танылса, 37 нысан бойынша айыппұл салыныпты. Осы арқылы заң бұзушылықты анықтап қана қоймай, қала аумағындағы құрылыстың белгіленген талаптарға сай жүргізілуін қамтамасыз ету назарға алынып отыр.

АУЫЛДАРҒА ДА ЖАҢА ЖОСПАР ҚАЖЕТ

Келесі кезекте қалаға қарасты Тасбөгет кенті, Қызылжарма ауылдық округі және Досан ауылының бас жоспарларын әзірлеу жұмыстары

да назарға алынды.

Бұған дейін Үкіметтің 2019 жылғы қаулысымен Тасбөгет кенті мен Қызылжарма ауылдық округі Қызылорда қаласының бас жоспарынан шығарылған болатын. Осыған байланысты аталған елді мекендердің жеке бас жоспарларын әзірлеу қажеттілігі туындады. Бұл тұрғыда жобалау жұмыстарына «МПК-Проект» ЖШС демеушілік ретінде ұсыныс білдіріп, тиісті жұмыстар басталған.


Үш елді мекен бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, жобалар мемлекеттік сараптамаға ұсынылғанымен, экологиялық бағалау бойынша бірқатар ескертулер берілген. Қазіргі уақытта жобалаушы мекеме министрлік берген ескертулерді қарастыруда дейді бөлім тарапынан.

Негізінен қаланың сәулеттік келбеті тек жаңа ғимараттардың салынуымен қалыптаспайды. Бұл тұрғыда көшелердің безендірілуі, ғимараттардың қасбеті, жарықтандыру, көше жиһазы, навигация, көгалдандыру және шағын сәулеттік нысандар да біртұтас орта қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны белгілі. Осы бағытта Қызылордада бірнеше эскиздік жоба әзірленген.

Олардың қатарында сауда объектілерін орналастыру, орталық көшелердегі аллеялар мен скверлерге шағын сәулеттік нысандар орнату көзделген. Сонымен қатар Әбілхайыр хан көшесін абаттандыру, Н.Назарбаев даңғылы бойындағы тұрғын үйлердің қасбеттерін әрлеу, А.Байтұрсынов көшесіндегі әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандарды жарықтандыру жобалары бар. Сондай-ақ қала аумағында жаңа аллеялар орналастыру да көзделіп отыр. Бұл жобаларда жаяу жүргіншілерге арналған кеңістіктерді ұлғайту, балалар және спорт алаңдарын орналастыру, көгалдандыруды күшейту, жарықтандыру жүйесін жаңарту және көше жиһаздарын біріздендіру жұмыстары да қарастырылған.

Сол сияқты Қызылорданың алдағы дамуында урбанистика бағытына басымдық беру қажеттілігі де байқалады. Осы мақсатта қала бойынша 2 мың гектар аумақта ландшафтық шеберлік-жоспар әзірлеу, шағын сәулеттік нысандарға, навигацияға, жарықтандыруға және көше жиһазына бірыңғай талаптар енгізу жоспарланып отырса керек. Сонымен бірге қаланың көгалдандыру сапасының стандартын, бірыңғай сәулеттік келбетті қалыптастыру стандартын және жарықтандырудың шеберлік-жоспарын әзірлеу ұсынылған.

Бұл жұмыстарға 2026 жылға облыстық бюджеттен 550 млн. теңге қарастыру жөнінде бюджеттік сұраным жолданған. Егер бұл бастамалар жүзеге асса, Қызылорданың әр ауданындағы сәулеттік шешімдерді бір жүйеге келтіруге мүмкіндік артатыны айтылды.



ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Қала құрылысының қарқынын тұрғын үй статистикасынан да көруге болады. Брифингте 2026 жылдың алғашқы алты айында жалпы ауданы 158 479 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға қабылданғаны мәлім болды. Сонымен қатар әлеуметтік, коммерциялық және инженерлік инфрақұрылым бойынша құрылысы аяқталған 323 нысанның қабылдау актілері қаралып, оның 237-сі есепке алынғаны жарияланды. Бұл жұмыстар Қызылордада құрылыс қарқынының жоғары екенін тағы бір мәрте айқындап отыр.

Осы орайда тұрғын үй санының өсуімен қатар қала инфрақұрылымын дамыту мәселесі де назардан тыс емес. Бұл тұрғыда жаңа үйлермен бірге мектеп, балабақша, жол, инженерлік желі, қоғамдық көлік, демалыс орындарын салып, жасыл желекпен қамтуға басымдық бар.

Қай кезде де қала көркі оның тазалығы, абаттандырылуы, жарнамалардың реттелуімен маңызды. Бұл ретте 2026 жылғы 12 наурыздан бастап Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабы бойынша 107 хаттама рәсімделген. Оның 61-і ескерту болса, 46 жағдайда жалпы сомасы 4 млн. 501 мың 525 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Брифингте сыртқы жарнама саласында да жұмыстар атқарылып жатқаны айтылды. Бұл тұрғыда алты ай ішінде бөлімге 104 өтініш түсіпті.

Бүгінде қала бойынша 8 жарнама агенттігі жұмыс істейді. Жарнама нысандарын ретке келтіру жұмыстарының нәтижесінде қала бюджетіне 47 млн. 753 мың 666 теңге түскен. Бұл бағыттағы жұмыстардың барлығы қаланың сыртқы келбетін жүйелеуге бағытталып отыр.

АЛДАҒЫ МІНДЕТ АУҚЫМДЫ

Бөлімнің алғашқы жартыжылдықтағы жұмысына қарап, Қызылордада қала құрылысы саласының бірнеше бағыты қатар дамып жатқанын аңғаруға болады.

Біріншіден тұрғын үй және коммерциялық нысандар құрылысы қарқынды жүргізіліп жатса, екінші жағынан, осы құрылысқа құқықтық және сәулеттік тәртіп орнату міндеті басты назарда тұр. Сондай-ақ қаланың болашақ дамуын айқындайтын жаңа бас жоспар әзірленіп жатыр.

Осы ретте жаңа бас жоспар өз тиімділігін көрсетіп, сәулеттік стандарттар қабылданғанда ғана қаланың өзіндік келбеті қалыптасады деген үміт зор. Ал абаттандыру, көгалдандыру және қоғамдық кеңістіктерді дамыту жүйелі түрде жүргізілсе, қала келбеті одар бетер айықтала түсері анық.

Жалпы Қызылорда аумағында атқарылар жұмыстардың ауқымдылығы аңғарылады. Осы арқылы Сыр шаһарының аумағын ұлғайтып қана қоймай, оның өмір сүруге қолайлы ортасын қалыптастыру негізгі міндет ретінде қарастырылып отыр.

Бір сөзбен айтқанда Сыр бойындағы бас шаһардың ертеңгі сәулеттік келбеті бүгінгі қабылданатын шешімдерге байланысты болып тұр. Сондықтан жаңа бас жоспардағы әрбір көше, ғимарат, қоғамдық кеңістік пен инженерлік нысан Қызылорданың ұзақ мерзімді даму логикасына сай болуы қажет.

Е. ТАҒЫБЕРГЕН



Қазіргі таңда “Талсуат” ауылдық округінде 2537 адам тұрады екен. Оның 1269-ы экономикалық белсенді халық санатына жатса, 120 адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр, дейді әкім. Бұл ретте жыл басынан бері 10 тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар қоғамдық жұмыс бағдарламасы арқылы тағы 10 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған. Бұл көрсеткіштер ауылдағы еңбек нарығының бөсекеге қабылеттігін аңғартса керек.

Елді мекенде кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарылған жұмыстардың да ауқымы кең. Бұл тұрғыда бүгінде ауылда шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 189-ға жеткен. Оның 174-і жеке кәсіпкер болса, 6-ы шаруа қожалығы болып табылады.

Ауылдық округте кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар аясында жыл басынан бері жалпы құны 13,1 млн. теңге болатын екі жоба мақұлданған. Оның бірі кілем жуу орталығына қажетті құрал-жабдықтар сатып алу жобасы болса, екіншісі жылыжай шаруашылығын дамытуға бағытталып отыр. Бұдан бөлек асыл тұқымды ірі қара мал басын көбейтуге арналған құны 10,8 млн. теңге болатын тағы бір жоба бойынша құжаттар тапсырылған.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге де қолдау бар. Мал шаруашылығын сумен қамтамасыз ету үшін ауылдағы «Жылқы Айдар» және «Бекзатхан» шаруа қожалықтары екі ұңғыма қазуға 26,2 млн. теңге көлемінде субсидия алған. Бұл ауылдағы кәсіпкерліктің тек сауда-саттықпен шектелмей, өндіріс, жылыжай және мал шаруашылығы бағыттарына да бет бұрып отырғанын көрсетеді.

Қызылорда қаласына іргелес орналасқан “Талсуат” ауылдық округі соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық өлеуетін арттырып, инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңартып келеді. Елді мекенде жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, ауыл шаруашылығын өркендету және әлеуметтік нысандардың қызметін жетілдіру бағытында атқарылған жұмыстар қыруар.

“Талсуат” ауылдық округінің әкімі Е.Бейсенбаевтың брифингінде айтылған мәліметтерге қарағанда ауылда 2026 жылдың алғашқы кезеңінде қолға алынған жобалармен қатар алдағы уақытта жүзеге асырылуы тиіс бірқатар маңызды бастама бар.

ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ АУЫЛ

Брифингте мәлім болғандай, ағымдағы жылы Талсуат ауылдық округінің бюджеті 229,8 млн. теңге

көлемінде бекітілген.

Негізінен салық базасын кеңейту мен кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық белсенділігін арттыру ісі ауыл бюджетінің тұрақты кіріс көзін қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі саналады. Бұл тұрғыда салықтық түсімдер бойынша жылдық жоспар 13 млн. 297,4 мың теңге болса, есепті кезеңде бюджетке 10 млн. 761,8 мың теңге түскен. Осылайша жоспардың 81 пайызы орындалған.

Елді мекенде білімге деген сұраныс та артып келеді. Бұл ретте Талсуаттағы демографиялық ахуалды мектептегі оқушылар санының өсуінен де байқауға болады. Атап айтсақ, ауылдағы №178 орта мектепте бүгінде 416 оқушы білім алып жатыр. Өткен жылы олардың саны 410 болған. Бұл дегеніміз бір жыл ішінде оқушылар саны 1,4 пайызға артқанын көрсетеді. Сол сияқты биыл мектепті 4 «Алтын белгі» иегері және 1 үздік оқушы аяқтаған. Ал 9-сыныпты 35 оқушы үздік аттестатпен тәмамдаған.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында ауылда екі балабақша жұмыс істейді. Оның бірі – 90 орындық мемлекеттік «Заңғар» балабақшасы. Қазіргі уақытта онда 80 бала тәрбиеленуде. Ал жеке «Алан Орда» балабақшасы 85 орынға есептелген және онда бала саны толық қамтылған.

Бір сөзбен айтқанда балалар санының артуы ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылымға қойылатын талаптың да күшейіп келе жатқанын көрсетеді.

Талсуатта балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға да баса көңіл бөлініп отыр. Бұл тұрғыда ауылдың спорт кешенінде каратэ және қазақ күресі үйірмелері тұрақты жұмыс істейді. Оларға барлығы 120 бала қатысады. Үйірме тәрбиеленушілері

қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, жүлделі нәтижелер көрсетіп жүр.

Мәдениет саласында бойынша ауылдық клуб пен кітапхананың жұмысы жүйелі. Бүгінде клубта жеті үйірме бар екен. Оның алтауы балалар мен жасөспірімдерге, біреуі әжелер ансамбліне арналған. Ауыл әкімінің айтуынша, үйірмелерге 90 адам қатысса, оның 82-сі жасөспірімдер. Ал ауылдық кітапхананың кітап қорында 10 879 кітап бар.

Бұл көрсеткіштер бірінші кезекте ауыл өмірінің тек әлеуметтік-тұрмыстық мәселелермен шектелмейтінін көрсетеді. Ауыл халқы үшін мәдениет пен спорттың да өзіндік орны бар екенін аңғаруға болады.

Талсуатта медицина саласы бойынша мәселе жоқ. Ауыл тұрғындарына №5 қалалық емханаға қарасты ауылдық дәрігерлік амбулатория қызмет жасайды. Мұнда 8 медицина қызметкері тұрғындарға медициналық көмек көрсетуде.



Амбулаторияда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында алғашқы медициналық көмек пен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі.

Брифингте елді мекеннің егін және мал шаруашылығы саласының бүгінгі қарқыны да сөз болды. Мәліметке сәйкес, Талсуаттың ауыл шаруашылығы саласының өлеуеті зор.

Атап айтқанда, 2026 жылы ауылда 42,2 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде 1,8 гектарға картоп, 11 гектарға бақша дақылдары, 29,4 гектарға көкөніс орналастырылған. Бұған қоса

Ауыл әкімінің айтуынша, ауылдың алдағы даму жоспарында бірқатар маңызды жоба бар. Оның ішінде Абай Құнанбаев көшесінен тас жолға дейінгі аумақта түнгі жарық шамдарын қайта жаңғырту бойынша бюджеттік сұраным жолданған. Жобаның құны 38 млн. 96,7 мың теңге болады. Сол сияқты жалпы құны 20 млн. 569,3 мың теңге болатын Алматы көшесіне балалар ойын алаңын салу жобасына бюджеттік сұраным берілген. Сол сияқты Абай Құнанбаев, Ә.Байқенжеев және

О.Сауытбаев тұйығы көшелеріндегі электр бағаналарын жаңғырту бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленгені де мәлім болды. Бұл жобаның құны 186 млн. 500 мың теңгеге бағаланып отыр.

Жалпы жоғарыда аталған жобалар жүйелі жүзеге асса, ауылдың инженерлік инфрақұрылымы мен тұрғындардың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін мәселелердің бірқатары шешіледі деп күтілуде.

Негізінен Талсуаттың бүгінгі тынысына қарап, ауылда экономикалық және әлеуметтік белсенділіктің жоғары екенін аңғаруға болады. Соның ішінде кәсіпкерлер саны 189-ға жеткен, ауыл шаруашылығы өндірісі сақталып, мектеп пен балабақшада балалар саны артып келеді. Спорттық және мәдени үйірмелер де тұрақты жұмыс істеп тұр.

Сонымен бірге ауылдың алдында шешімін күтетін мәселелер де бар. Ең алдымен, тұрақты жұмыс орындарын көбейту, кәсіпкерлікті жаңа деңгейге шығару, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту және қоғамдық кеңістіктерді көбейту маңызды. Әкімнің брифингінде айтылған жобалар осы міндеттердің бірқатарын шешуге бағытталған.

Ендігі кезекте Талсуат үшін жоспарланған жобаларды нақты іске айналыдыру міндеті тұр. Оның ішінде тұрғылықты халық жаңарған жаяу жүргінші жолы, ертеңгі жарықтандыру, жаңа электр желісі, заманауи ойын алаңы мен кәсіпкерлік нысандары алақандай ауылдың кемел келешегін қалыптастыруына үлкен сеп болатынына сеніммен қарайды.

Қорыта айтқанда, ауылдың 2,5 мыңнан астам тұрғыны Талсуаттың басты капиталы саналады. Халықтың еңбек етуіне, кәсіп бастауына, балаларының сапалы білім алып, спортпен және мәдениетпен айналысуына қолайлы жағдай жасалған сайын ауылдың да өлеуеті арта түсетіні анық.

Е. ТАҒЫБЕРГЕНҰЛЫ

Қазақ тойы төңкерісті, тыйымдар мен жаңа өзгерістерді қалай өткерді? Салт-дәстүр бір орында қатып қалған дүние емес. Ол үнемі түрлі факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырап, толығып, кейбірі заман талабына орай ұмытылып отырады. Саяси режимнің ауысуы, орталықтан басқарылатын экономикадан нарықтық экономикаға көшу халықтың күнделікті өмірі мен тұрмыс-салтына айтарлықтай әсер етеді.

Қазақ қоғамындағы некелесу дәстүрінің қазіргі қалпын түсіну үшін оның бұрын қалай атқарылғанын, қандай салт-жоралғылар барын білу өте маңызды. Бұл ретте жазба деректер мен далалық зерттеулерге зер сала отырып, отау көтеру салтын үш кезеңге бөліп қарастырамыз.

ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕ ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚ

Қазақтың әлеуметтік құрылымына сай ерекшелігін сараласақ, Қазан төңкерісіне дейін бір атадан тараған балалар 3–4 ұрпақ озғанша бір ауылда өмір сүрген. Ол кездегі ауылдар қазіргі уақыт секілді физикалық мекен емес, бірге көшіп-қонып жүретін туыстардың қауымдастығы екенін ескеру керек. Экзогамиялық, яғни жеті ата ішінде қыз алысуға рұқсат етілмейтін ережеге сай, басқа ауылдан қыз айттырып, құда түсетін. Әрі басты шешімді жігіт пен қыздың әкесі қабылдайтын.

зерттеушілер оны той малының құнына тең дегенді айтады. Енді бірі қыз жасауы қалың мал құнынан да асып кететінін алға тартады. Сондай-ақ жасаудың құны мен қандай болмағын қыз берушілердің өз еркіне қалдырады. Бірақ жасау жұпыны көрінсе, келін боп түскен жұрты

Алдымен ресми заңмен тыйым салынған дәстүрлер жайында айтсақ, 1917 жылы неке қию құзыреті молдалардан алынып, жаңадан құрылған азаматтық хал-әкілдерді тіркеу ұйымдарына берілді. Бірақ қазақтар төңкеріске дейін де неке қиюға айтарлықтай маңыз бере



Ең алғашқы қадамдардың бірі — жаушы жіберу салты. Жаушыны белгілі бір ауылдың қызына құда түскелі жатқанын алдын ала ескерту мақсатында жіберген. Қыздың ауылына құда түскеннен кейін бойжеткеннің әкесі ойланып, келісімін берген соң той күні мен қалың мал жайында келіссөз басталады. Қыздың әкесі кейде жауабын бірден айтпай, артынан ғана жігіттің ауылына жаушы аттандыратын. Жігіттің ауылы келісім алғаннан кейін құда құту тойына дайындалады. Ол заманда қалың мал құны қымбат болғандықтан, бірнеше жыл бойы жетіге бөліп төлеу салты қалыпты құбылыс саналатын. Ал қалың мал толық төленбейінше қыз ұзатылмайтын. Бір қызығы, дәл бұлай бөліп төлеу қыз тұрмысқа шығатын жасқа жеткенге дейін арнайы жасалатын.

Ұзату тойына дейін күйеу жігіт қыздың ауылына түрлі жағдайда ұрын баратын. Алғашқы келуі жасырын бару деп аталса, қалың мал құны төленуге жақын қалғанда күйеу жігіт бір топ адаммен сыйлықтарын көтеріп жететін. Соңғы келуіне орай арнайы ұрын той жасалатын дәстүр болған. Қалың мал толықтай төленуге жақындағанда қыз

сөз етуі мүмкін. Құрамы жағынан жасау киіз үйден, сыртқы ағашы және ішіне толтыратын затымен бірге беріледі. Алайда киіз үйді жеті киізбен қаптап, оның төртеуін жігіттің әкесі, ал қалған үшеуін үйдің басқа бөліктерімен қыздың әкесі берген деседі. Бұған қосымша қыздың киім-кешегі мен әшекейі де болатын. Ал жасаудың бір ерекшелігі — қыз сәукелесін өзі қолдан тігетін. Ауылдың әл-ауқатына қарай сәукеленің құны да қымбаттай беретін. Жасауды алып баратын келігі түйе де жасаудың құрамына кірген.

Бұл кезеңдегі неке құрудың басқа да түрлері туралы жазба деректер сақталған. Ата-аналардың келісімімен атастырылатын бесік құда, бел құда және ескі құдалық байланысты жаңғыртатын сүйек құда дейтін түрі бар. Құдаласудың бұл түрлерін тек ауқаттылар ғана жасаған десе, енді бір ғалымдар қалың төлеуге жағдайы жоқ кедейлер де мұны атқарған дейді. Себебі ерте жастан қалың мал төлеуге қамдану оңай соғатын. Бұдан басқа қарсы құда деген бар. Екі әулет келісіп, жастары шамалас құздарын айттырып, бір-біріне қыз береді. Мұндай құдаласуда әдетте



Күйеу жігіттің қайын жұрты алдында иіліп сәлем салуы

жақ та ұзату тойының қамына кіріседі. Ұзатылып келген соң үйлену тойы мен беташар өтеді.

Құдаласу барысында қалың мал төлеуден басқа қыздың жасауы мен түрлі сый алмасулар бар. Қалың малдың орташа құны ретінде 47 бас мал аталады. «Қырық жеті» деген атау содан қалған. Этнограф Шахмардан (Иван) Ибрагимовтың айтуынша ер адамның құны 100 жылқы мен 6 жақсы (6 түрлі сый), ал әйелдің құны 50 жылқы мен 3 жақсы бас мал. Қалың мал төленер алдында 3 бас мал орнына бағалы сыйлық берілетін. Шахмардан Ибрагимов сұлтандар 57 бас мал, ал кедейлер мен орташа ауқаттылар 17 мен 47 бас арасында қалың мал берген десе, басқа зерттеушілер кейде тіпті 100–150 бас мал, ал кедейлер 7–9 мал бас беретінін айтады. Бұдан бөлек той малы мен қыздың анасына берілетін «сүт ақы» тағы бар.

Жасаудың құнына келсек, кейбір

қойматын. Зерттеушілердің бірі молда шақыртып, некені қыздың әкесінің шаңырағында қиды десе, енді бірі алғашқы неке түнінен біраз уақыттан кейін ғана неке қию рәсімі өткізілетінін айтады.

1920-жылдардан бастап мешіттер жабыла бастады. Кенекөз қариялардың айтуынша, мұндай тыйымға қарамастан көрші ауылдан молда шақырып, неке қию рәсімін жасап отырған. Ал 1980-ші жылдардың соңына қарай көбіне діни неке қию рәсімі өтпеген.

1921 жылы қалың мал дәстүріне тыйым салынды. Десе де бұл дәстүр толығымен жойылып кетпеді, тек оның мөлшері азайды деп айтсақ, шындыққа жанасады. Сондықтан қалың мал беру рәсімін көзден таса ету мақсатында некелесу тойын жасырын жасаған деректер де кездеседі. Қалың мал мөлшерінің азаюы мен кейбір жоралғылардың атқарылмауына әсер еткен қосымша факторлардың бірі ретінде 1921–1922 жылдардағы ашаршылықты және одан кейін жүргізілген жаппай ұжымдастыруды жатқызамыз. Себебі осы уақытта төрт-түлік саны күрт төмендеп кеткен болатын, ал қалың мал негізінен мал басымен есептелетін.

Уақыт өте қалың мал берудің орнына қоржын апару салты жалғасын тапты. Төңкеріске дейін қоржын апару басқа салт-жоралғылардың ішінде бірге жүретін. Бірақ Кеңестік кезеңде қоржын апару өзінше бөлек салтқа айналады. Мұны бір жағынан халықтың өзге жол табудың амалын қарастырып, ресми тыйымнан қашқаны деп түсінуге болады. Себебі кейбір қоржындағы сыйлықта қосымша ақша түрінде қалың малын табыстайтын. Сонымен қатар Кеңес үкіметі кезінде қыздың жасауына заманына қарай түрлі заттар қосылды. Мысалы, жатын бөлмеге арналған жиһаздар жиынтығын жасауға қосу 1980-жылдарға қарай кеңінен тарады.

1924 жылы көп әйел алуға тыйым салатын жарлық шықты. Бірақ бұл жарлық сол дәстүрдің тоқтауына негізгі себеп болды деп нақты айту қиын. Ғалымдардың тұжырымы бойынша, тыйым салуға дейін де қазақ қоғамында полигамия оңсыз да аз кездесетін. Әрі ауқатты адамдар ғана көп әйел алатын. Қалай десек те Кеңес үкіметі тұсында полигамия толығымен жойылып кетпеді. Халық арасында жаппай болмаса да, әйелі бала көтере алмағандықтан екінші әйел алатындар кездесіп тұратын.

1928–1938 жылдар аралығында шыққан жарлықтарға сәйкес, неке құрудың жаңа жас нормасы енгізілді. Бұдан былай ерлердің неке құру жасы 18, әйелдерге 16 жас деп белгіленді. 1960 жылға қарай ерте жастан неке құру азайғанымен, сондай оқиғаларды жасыру үшін жалған кездесуді неке құру фактілерін тездетеді.

20-ғасырдың 60-жылдарынан бастап комсомол стиліндегі үйлену тойлары кеңінен қанат жайды. Бұл тойларда қонақ саны көп дегенде 20 адамның маңайында болатын, әрі ауылдағы үйде өтетін. Қысқа ақ той көйлегі мен фата да алғаш осы уақытта пайда болды. Неке жүзіктері де арнайы талондармен берілетін. Көп үйдің отбасылық альбомынан табылатын,

екі жастың суреті бар тойға шақыру билеттерінің де шығу тарихы осы кезеңмен тығыз байланысты.

Біраз тыйымдардың салдарынан салт-жоралғылар азайып, жойылып кетсе де арасында сақталып қалғаны жетерлік. Құда түсу сөзінің өзі трансформацияға ұшырап, «құдалық өткізу» деген сөзбен алмасады. Себебі бұл шақта қыз бен жігіт болып кездесу, сөз салу, қалада оқуда жүріп танысу арқылы неке құру дәстүрі алға озды. Тіпті жастардың көп бөлігі бір-бірімен кездесіп жүргенін ата-анасынан құпияда ұстайтын. Дегенмен алдын ала

вертке салынған ақшаға ауысты. Бүгінгі таңда тойға келген қонақтар ақшалай сыйын тойхананың түріне қарап, тіпті тойдың ауылда өткенін де есепке алып, соған сай мөлшерлеп апарады.

Кеңестік заманның тойы мен құдалықтары туралы сөз қозғағанда, бір костюм бір үйден екінші үйге ауысып жүре береді деген әңгіме жиі естілетін. Тіпті шақырылған қонақтар кілем, одан қалса бір тоқты көтеріп баратын. Ал 2000-жылдардан бастап ескі заттар мен бұйымдар, әсіресе оны құдалықта сыйға тарту сынға ұшырап, жыл сайын сыйлықтардың жаңа тренді енді. Бұл

атастыру, айттыру сирек құбылысқа айналғанымен құда түсу рәсімі көп жағдайда ұмыт қалмайтын.

Бір қызығы, кеңестік кезеңдегі тыйым мен идеологияға қарамастан құдалық кезінде атқарылатын көптеген рәсімдердің төңкеріске дейінгі бет-бейнесі жақсы сақталды. Мысалы, құдалардың құйрық-бауыр жеуі, төс қағысу (Жетісу өңірі) немесе төстік (Семей өңірі) тарту, түрлі табақтарды табыстау сияқты жоралғылар әлі де ел ішінде атқарылып келеді.

Кеңес үкіметі әлсіреп, құрдымға кетуге жақын қалғанда қыздың келісімсіз алып қашу көбейді. Этнографтар алып қашу арқылы отау көтеру төңкеріске дейін де болғанын растайды. Алайда мұндай жағдайды сирек жолықтыратынбыз. Оның өзінде қыз өз еркімен сүйіктісімен қашып кететін немесе көңілі қаламаған адамнан құтылу мақсатында басқа жігітті таңдайтын. Ал 1980 жылдың соңы мен 2000 жыл аралығында келісімсіз алып қашу кеңінен тарады.

Кеңестік заманда пайда болып, қазірге дейін сақталған алып қашудың өзіндік орындалатын рәсімі бар. Мысалы, қызды алып қашқан соң жағдайды баяндау үшін әке-шешесінің үйіне хабаршы келеді. Қыз жақ хабарды ести сала қуғыншылар аттандырады. Оған көршілерін, я болмаса туыстарын жібереді, тіпті кейбір жағдайда қыздың әке-шешесі барып жатады. Ата-анасын қуғыншы ретінде жібермеудегі басты мақсат — болашақ құдалармен жан-жал туудың алдын алу. Ал «өз келісімімен келді» деген хат жазғызып алу — заң алдында жауап беруден қорыққандықтан туындаған салт.

Қуғыншылардың көңілін аударып, жұмсарту мақсатында оларға қошеметтеп дастарқан жаяды, жақсылап күтеді. Алайда қыз келісіммен келгеннің өзінде қуғыншылар «қызды қайтарыңдар» деп бастырмалатып, кейін «ұрылармен» бірге би билеп, екі жасқа бақыт тілеп қайтатынын байқауға болады. Артынан күйеу жігіттің ата-анасы қыздың әке-шешесінің алдынан өтіп, кешірім сұрауға міндеттеледі.



Кеңес үкіметінің соңына қарай үйдің жанына тігілетін палаткадағы тойлардың дәурені жүрді. Тек кейбір ауылдарда ғана арнайы жиын өткізуге арналған орындар болатын. 1990-жылдардың ортасына дейін кейбір елді-мекендерде мектептің спорт залы той өткізуге жалға берілетін. Ал той дастарқанына қойылатын тағамдардың дені тапшылыққа байланысты қолдан пісірілетін.

ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІНГІ ТОЙ-БИЗНЕС

Тәуелсіздік алған тұстағы неке құру дәстүрінде бірден көзге көрінетін өзгерістерді саяси және экономикалық реформалар оң нәтижесін беріп, халықтың әл-ауқаты жақсарған кезден байқаймыз. Нақты айтқанда, 2000-жылдың алғашқы он жылын атап өтуге болады. Өйткені жаңа ғасыр басында палаткадағы тойлар арнайы мейрамханаларға ауысты. Қыз ұзату тойы жанданып, қалыңдық үйінен емес, тойханалардан ұзатыла бастады. Ал үй ауласында тігілген палаткаларда қазір кішігірім құдалықтар өткізіледі. Бұл құдаларды қалыңдық пен жігіттің үйінде құту керек деген салтпен ұштасып жатқанын көрсетеді. Кейде жаңа құдаларға әуелі үйден арнайы дәм татқызып, одан кейін барып дәмхана, тойханаға алып кетіп жатады.

Тойлардың жаппай мейрамханаларда өтуіне байланысты бұрын заттай берілетін сыйлықтар ендігі кезекте кон-

көрші Қытай елінен келетін тауар саны артып, лек-легімен келуімен байланысты еді.

Тойға қатысты арада ақша жүретін қарым-қатынас сыйлықтарға ғана емес, сондай-ақ неке құру салт-жоралғыларында берілетін қалың мал мен жасауға (кейінгі кезде төсек-орын апару деген көбірек қолданыста жүр) да әсер етті. Төңкеріске дейін мөлшеріне көлмесе де қалың мал құны біртіндеп өсе бастады. Қазір әр аймақ өзінің қалың мал құнын белгілеп алған. Мысалы, Жетісу өңірінде қалың малдың құнына қатысты бір жылқы, өлі-тірісіне бір қой, сүт ақшасына тағы бір қой деп айтып жатады. Бір ауылдың адамдары құдаласып қалса, расымен де бір атын жетектеп алып барады. Көп жағдайда конвертке салынған ақша ұсынғанда қалың малы мен сүт ақысы, өлі-тірісіне осыншама теңге деп жиналған жұрттың көзінше атап береді. Бір жағынан, бір аттың құны деген өлшем инфляцияға бейімделуге ыңғайлы. Әр отбасы жағдайына қарай, тіпті кейбірі әлеуметтік-экономикалық статусын елден ерекше көрсетуді мақсат тұтып, белгіленген мөлшерден көбірек ақша беріп жатады. Осы сияқты 2000-жылдары қалың малды АҚШ валютасымен айту да қалыпты көрініс болатын. Бұл өлшем көбіне оңтүстік өңірлерге тән.

Ертеректе қалың малға қосымша берілетін той малын қазір қыз ұзату тойы алдында қалыңдықтың отбасы сағып алады. Кейінгі кездері бұл салттың көп атталмауының өзіндік себебі бар. Өйткені төңкеріске дейінгі құдаласудың өзінде-ақ сүт ақы мен той малы бірге көде есебінде аталып, жалпы берілетін сыйлықтардың ішіне кіріп кеткен еді. Қазіргі зерттеулерге сәйкес, отбасы ауқатты болған сайын құдалықта берілетін, арнайы атап көрсетілетін түрі көбейді. Тіпті кейбір кезде сүт ақысынан бөлек әке күші дейтін сыйды да тарту етеді.

Нарықтық экономика тек қалың малға ғана емес, сондай-ақ төсек-орынның құрамы мен құнына әсерін тигізді. Жыл сайын жасаудың құрамы сол кездің сәніне қарай ыдыс-аяқтың сан түрімен жаңарып, тіпті оның қатарына

тұрмыстық техникалар қосылды. Тіпті жағдайы жетпей жатса да асыра жасау жиі кездеседі. Алайда төсек-орын жинақтау салтының бір ерекшелігі — оның ауырталпының бір отбасы жалғыз көтермейді. Туыс, көрші, анасының әріптестері арнайы төсек-орын буу салтына жиналып, алдын ала қандай зат алу керектігін сұрастырып, өздерінің үлесін қосады.

2000-жылдарға дейін жасаудың көрпе-жастығын қыздың анасы, әжесі тігетін. Сөйтіп оны өздері әзірлейтін. Кейін дайын дүниені сатып алуға көшті. Соның әсерінен жасау дайындаудың өзі бөлек бизнес түріне айналғанын көріп жүрміз. Осылайша салт-жоралғылардан ақша жасау бүгінгі той-бизнеснің ажырағын бөлігіне айналды. Тіпті той кезінде орындалатын кейбір жасау рәсімдерді сол той-бизнеснің өкілдері таныстыратын кезге жеттік.

Саяси режим мен экономикадан бөлек ислам діні де қазақтардың қазіргі неке құру дәстүріне өз ықпалын тигізіп жатыр. Бұл жаппай сипат алмаса да, кейбір ауқатты еркектер шариғатта рұқсат етілген әрі ата-баба салты деген желеумен тоқал алу салтын жаңғыртып отыр. Оған қоса, ертеректе болған сүйек жаңғырту, бесік құда секілді неке құру дәстүрі қазір сирек болса да қайта көрініс тауып, соны жаңғыртып жатқан отбасылар бар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, соңғы отыз жыл ішінде бұдан да басқа өзгерістерді бастан кешірдік, тіпті қазақтың неке құру салты әлі де трансформациядан өтіп жатыр.

Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Шұғыл жиналдық. Үш қанат киіз үй, жеңіл-желпі жабдығымен. Бір қабат қастық, жаздық киім. Қазан-ошақ, аяқ-табақ. Жеңілдеп төрт түйеге арттық. Қосарлай матап, екі құлынды бие, жабағы-тайсыз айғыр үйір жылқы алдық. Бір-бір әлді атқа міндік. Бүкіл шаңырағымызбен. Қорабай бар - бес жан, бұлт тарап, ай бата қоңыр түнекке сіңіп жоғалдық.

Көне көш жолымен Сарысуды құлдап, абалақтап асықпай, бірақ суыт, шұғыл жүрдік. Сәскеде түйелердің бөлін босатып, ат шалдырып аз ғана аял жасап, тағы жылжыдық. Күн еңкейе өрең тоқтағамыз. Жүкті түсіріп, көлікті соныға жіберіп қазан көтердік. Кеш түсе отты өшіріп, ашық аспан астын-да әжептәуір ұйықтадық. Байдың қотанында әуілдеген, бұрын да күйлі, ақырғы, талауға түскен екі күн бойы қаң-жыңға мелдектеп тойған көп иттің ішінде жалғыз көрі төбет қана көшімізге ілесіпті, иендегі құзетті соған тапсырған едік. Ай батпай қайтадан жолға шықтық.

Әкімет ұлдарына біздің қалай қашқанымыз белгілі. Жол сорабы біреу. Арттан қуғыншы шықса жазбай табады. Шықсын. Жете алса. Шығуына сөз жоқ - жетуі күмәнді. Әйткенмен, сақтықты ұмытпадық. Түнде аттан түсе қалып жер тындап, күндіз төбешік, белестерден қарауыл қарап, артымызды то-сып отырдық. Үрдіс аттаныспен арада алты қонып, Сарысудың етегіне - сулы, нулы алқапқа жеткен соң, жүйелі жол-дан бұрылып, Телікөлге емес, Ашыкөл, Аққайың тарабына ойыстық та, қалың қамыс арасына еніп өрең тыныстадық. Екі күн ес жиып, көліктің аяғын су-ытып, ендігі өмір жайын ойластыра бастағанбыз.

Төңірегіміз қалың ел. Созылып аққан Сыр-Дария көш аяғы жетер жер-де тұр. Шығысқа қарай жүрсек, Шудың жайылмасына шығамыз. Дүниенің төрт тарабы да ашық. Бірақ "Қайда барсаң да Қорқыттың көрі", - дейді ғой қазақ. Бұл аймақты жақсы білетін Қорабай төрт-бес күн жол жүріп, таяу төңіректі тегіс шалып келді. Өрине, өкімет алмаған өңір жоқ. Барлық жер-де жаңа төртіп орнап жатыр. Шу бойында көмпеске әлі басталмапты. Бірақ өкімет адамдарының, ауыл белсенділерінің қаһары қатты көрінеді. Әлденеше рет тексеруге түсіпті, мал қарап бейсауат жүрген адаммын деп өрең құтылса керек соңғы жолы, шыл-бырдан алғалы тұрғанда тұра қашқан; астындағы Қозыжирен мыңнан шыққан атақты жүйріктің бірі еді, қуыңға шал-дырмай қара қузіпті. Біздің ел шетіне ілінер-ілінбестен-ақ тергеуге тартыла-рымыз, қамауға алынарымыз күмәнсіз. Төңірінің ғана билігі жүретін жалғыз та-рап - Бетпақ-Дала, дәл іргемізде тұр. Бірақ шөлге қашуға асықпадық. Үмітсіз болсақ та, аңыз аңдағанбыз.

Көп ұзамай, тұтасымен көшкен ауыл болмаса да, жалғыз-жарым, екеу-үшеуден жүрген қарулы, қарусыз қазақ жігіттерінің үйге түсіп, сусын ішіп кетуі жиіледі. Жаңа төртіпке мойын сұна алмаған бұла азаматтар, мал-мүлкінен айрылған соң бұғауға ілінбей, аман құтылған бай балалары. Әзірге ауылдарынан қол үзе қоймаған. Күндіз аулаққа кетіп, түнде, тым құрса, аптасы-на бірер рет үйлеріне согып, күш алып, амандық біліп жүрген жеке тентектер. Әзірше арып-аршымаған, кеуделері де басылмаған. Өлім, қаза көрмеген. Ішінде ескі таныстарымызда бар. "Апыр-ай, бүкіл Сары-Арқаға кеңес өкіметі орнағаны ма!" - деп қайран қалады. "Алатаудың арғы жағындағы қырғызда, Марғұландағы сарт пен Самарқандағы өзбек те бәрі бұрынғыша дейді, бұл - алаш баласына арнайы келген зұлмат болды ғой!" - деседі. "Осыншама мал-ды қайда өкөтіп жатыр? Іштегі орысқа апарып сойып беретін шығар" деседі. Түйсігі тұзу. Бірақ орыстың да соры қайнағалы көп жыл болғаны, ондағы за-уыт ұстаған, кен қазған байлардың бірі шетке қашып, бірі мұз төзініне айдалып, тұқым-жұрағатымен құртылғаны тура-лы ақпарға сенбейді. Тегі орыс болған соң, ағайындарын ақтап отыр деп ой-лайды. Күмәндары қисынды. "Ойбай-

ау, патшалық орыстікі емес пе, елді билеп отырған солар, өздерін-өздері тонап не көрініпті" деседі. Мен: "Көмпеске жүргізіп, жаңа төртіп ор-натып жатқандардың ішінде орыс бар ма?" деп сұраймын. Тосылып қалады. "Бұлар - жан-дайшаптар, - дейді со-дан соң. - Айтақталған ит, жұмсалған шабарман. Жарлық жоғарыдан түсіп отыр ғой. Орыстан!". Қазіргі патшаның орыс емесін айттым. Гүржі. "Мұсылман ба?" "Жоқ, - деймін, - Христиан". "Е-е, көпір болды ғой..." "Жоқ, - деймін жаңа өкіметтің жақшысына айналған мен бейбақ. - Ата-тегі христиан. Ал өзі ешбір құдайға сенбесе керек. Мұсылман да, христиан да емес. Нағыз больше-вик". "Онда көпірден де

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

жаман болды! - дейді қашқын мейма-нымыз. — Көпір дінін ұстаса да құдайға сенген пендеде иман болады. Бір үлкен ақынымыз айтыпты, арамза молда-дан пұтқа табынған мәжуси артық деп. Ал мынауың нағыз тозақы! Екі дүниені бірдей жалмамай тоқтамайды. Ақырзаманның тажалы!". Мен дау айта алмадым. "Сонда қазіргі патшамыз орыс емес дедің бе? - Сөзге менімен са-ясат туралы көп әңгімелесе қоймайтын әкем араласты. - Апыр-ай, ежелден ел билеген үлкен халық, бөгде біреудің басқаруына қалай көніп отыр екен!?" Мен жауап таппадым. Уәж көп, бірақ қанша айтсам да, бұл сауалдың мәнісін түгеспес едім. "Мүмкін, - деді әкей ойла-нып барып, — әлгі өкіметті басып алған балшабектер сол тегі бөлек дию-перінің қолымен от көсеп отыр ма... Жаманатқа шығарып, бар шаруасын түгендейді, со-дан соң кешегі Мекалай сияқты тақтан құлатып, өздерінің біреуін қояды. Тек... өбден күшейтіп алып, тізгіндеуге ша-малары жетпей жүрмесе..." Бұл сөзге де жауап табылмады. Мен еуропаша білім алмаған, дипломатиялық мек-теп бітірмеген аңғал да қарапайым қазақтың ақыл-парасатына тағы да қайран қалдым.

"Ораза-намаз - тоқтықта", - дейді қазақ. Ақыл-парасаттың да құдірет-күші бейбіт заманда, есі тұзу ортада танылмақ. Қолында қаруы жоқ, басын-да билігі жоқ қазақтың адалдығынан, мәрттігінен, тіпті, ақылы мен қажыр-қайратынан не пайда. Ондаған ғасыр бойы өз заңымен өмір сүріп келген көшпенділер қоғамы заңсыз іс, дүлей күштің дүмпуінен жалғыз-ақ жазда талқан болды. Қоғам ғана құламаған, тек сақара перзентіне емес, жалпы адамзатқа тән моральдық қағидалар, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зулымдық туралы таным-түсінік, бүкіл тіршілік философиясы өзгерген.

"Ақырзаман!..." десетін еді жұрттың бәрі жаңа туған өзгеше дәуір туралы. Ол бір кез - қазақ айтатын "сергелден-сейіл" болып шықты. Ақырзаманға қарай енді ғана қадам басыппыз. Алды-мен, ереуілдеп жүрген жігіттер сыпсаққа түсе бастады. Байғыры өскерден, жергілікті милициядан құралған шағын отрядтар төңіректі тіптің, "бандыға" қарсы күреске кіріскен. Жаз аяғына та-ман сондай азғана жасақ тура біздің ауылдың үстінен түсті. Қарауылда қақас жоқ, біз ошақ басынан жар-ты шақырым жерде қарсыладық. Он екі кісі екен. Біз жетеуіміз алты вин-товка, бір маузер. Мен келіссөзге ба-райын, бейбіт тарасайық деп едім, Қорабай мақұлдамады. Бұл көпірлерге сенім жоқ, сөзге келмей атып тастай-ды деді. Ал мен жылы орында жанжал шықпауын ойлағам. Күш солар жақта. Бүгін атысып онын қайтарамыз, ертең жүзі келеді. Бірақ өкпініне қарағанда қазір де бітімге көнбесі аңдалған. Қайтпек керек... Мүмкіндік болса, жақын жіберіп, бәрін жусату қажет, ар-тына хабаршы қалдырмай. Соған тоқтадық. Дөнес жарлауыт етегінде, қызыләскерлерді қарауылға алып, күтіп жатқамыз. Жігіттердің бірінің жүйкесі шыдамады. Оқыстан мылтық атылған. Бейқам жасақ опыр-топыр болды; ат ба-сын бұрып, бытырай шашылды. Амал жоқ, ретсіз тарсыл басталды да кетті. Келер сәтте, оқ жетпес шамаға ұзаған қызылдар аттан түсіп, азғана кенес құрған. Айылдарын тартып, қаруларын сайлап, бір кісідей ерге қонды да, ау-ылды шеңберлей, сырқа шапты. Біздің де көлігіміз әзір, алдын орадық. Өрине, жар астында, ойпанда тұрған үйге бұрын жеттік. Жете сала шеп құра жа-тып, тойтарысқа дайындалдық. Бірақ қызылдар тіке шабуылға батпады. Алы-стан оқ жаудырып аулақтай бастады. Ешқандай зақым келмеген. Біз де оқ үнемдеп ата қоймадық. Тек Қорабай

ғана оза шауып барып, сондарынан жалғыз оқпен сәлемдеме жолдады. Аттардың бірінің аяғынан тиді. Шоқытып ұзай берген қызылдар топтан бөлініп, артта қалған жалғызға қайта бұрылды, атын тастап, өзін мінгестіріп өкетті. Жа-нуар, есік пен төрдей біз айғыр екен, қазақ ат мінуші еді, азбан мінуші еді, байтал мен бедеуге аяқ артатын, бо-ран емес, дауыл емес, жаздың апта-бында қызылмай қылып айғыр мінгенді кім көрген, бір сорлының талауға түскен малының құты болғаны көрініп тұр, қарақшыға мақтан керек, ауыздықтап мінген де алған. Сау болса, жалын та-рап, жылқыға қосатын жануар, амал не, толарсағы үзіліп кеткен, азықтың тапшылығы және бар, теке сасыған қана етті болса да сойып алдық.

Ертеңге қарамай, кеш жамылып, көтеріле көштік. Тұрағымыз белгілі, күш-қуатымыз аңдалды, күн құрғатпай өскердің жаңа, әрі мол тобы үстімізге келері анық-ты. Басқа барар жер жоқ - Бетпақ-Далаға қарай аудық. Тағдырлас жігіттер Бетпақтың жайын жақсы біледі - шөлде ара қонып, жусанды, тақыршақ ойпаңға келіп түстік. Әлдебір заман-

Елдегі жағдай бұрынғыдан да ау-ырлапты. Бар билік малшы-жалшыға көшкен. Күні кеше ғана атсабыл-тып, ауыл кезетін бозбастар, тойлы, дастарқанды жерден тамақ аңдитын сұғанақтар, үйде жатып ұлыққа арыз айдайтын жалақор, ағайын ара-сын бөріктіріп қойып, екі ортада пай-да табатын пәлеқорлар - батпақта жатқан, босағадан тыс барлық атар-ман - бүгін күшіне енген, өкіметтің оң көзі - белсенді. "Мойынсерік", "Қосшы", "ТОЗ" деген төрізді, жұртты аздыра-тын, қазаққа жат, берекесіз ұйымдар та-рап, бұрын дүбірлі ылаңы ғана естілген "колхоз" дейтін пәле орнай бастаған. Ақсақалдың байыптауынша, бұл - ашық аспан астындағы темір бұғаулы түрме. Малды, жанды, әйел мен ба-ланы түгел ортаға салып, бір қазаннан ас ішіп, жарлықпен жатып, бұйрықпен тұрып, азаннан іңірге дейін тынымсыз мехнатқа жегілетін өзгеше зұлмат. Со-циализм теориясы, коммунизм елесі ту-ралы баяғыда, ес ала, ақыл шала кезде көкейге түйгендерімді, Кампанелладан Маркске, одан Плеханов пен Мартов, Ульяновтарға дейінгі аралықтағы ой-

Бірақ әкей үшін шөл дала - сайраған кітап бетіндей. Көзі қандай. Дүрбіден тәуір ме дедім. Қияндағыны шала-ды. Бірде "Киік келді!" - деді жадырап. - Тәуба, Бетпақта қыс жылы болады екені!" "Қайда киік" - деймін. Көкжиекті нұсқады. Қанша қадалсап да ештеңе көрмедім. Арада бірер сағат жүрген соң ғана жусанды дөңесті нұсқаған. "Міне, осы жерде үш киік жайылып жатқан. Қос құралай ерткен үлкен ешкі..." Мен сене қоймадым. Желе шауып барып, әрі-бері қарағам. Ақыры бір жерде шашырай үйілген жас құмалақ жатқанын көрдім. Әлбетте, мұндай көреген байқампаздық әкейдің өзгеше қасиеті емес, түз тұрғын-дарына тән әдепкі сыпат. Дегенмен, менің еңсем көтеріліп қалды. Бетпақтың шөлі түгелі, Қарақұм мен Қызылқұм асып кетсек те, жалғыздық пен жоқшылықтан өлмесімізге көзім жеткендей еді.

Іздегеніміз табылмады. Бірақ әкей үміт үзбеді. Ең соңғы, біз қонаға жатып, төңірегін тегіс тіптен мен түпкірдегі ойпаң боздан қазса су шығады дегенді айтты. Ерте көктемде барып, анығына көз жеткізу қажет. Одан басқа да екі-үш жерді белгілепті. Бірақ қонысқа қолайлысы - әуелгі. Әрі жырақ, әрі отты. Тек көктемді күту керек.

Кешіне үй ішімізбен, жүз жылғы жорықтан қайтқандай, қуана табыстық. Түнгі салқынмен қар ұшқындай ба-стады. Тары түйіртпек, қасаң қар. Сексеуіл шоғы қызыл темірдей толқына құбылған ошақ басында, әрі жылы, әрі мейірлі шаңырақ астында отырып, семіз ет жедік, майлы сорпа іштік. Әкей Жансалқамға, Жансалқамға ғана емес, Зағира екеуімізге, бізге ғана емес, өзіне-өзі қызғылықты ертегі айтты. Іенге қоныстанған жалғыз үйлі аңшы мерген туралы. Әйелі бар. Жалғыз баласы бар. Анда жүрген кезінде үйіне, саусағын жең ішіне жасырған жезтырнақ келеді. Бұрын да естігем. Бұл жолы әкем өзгертіп айтты. Жансалқам қорқады деген болар. Жезтырнақ емес. Кәдімгі адам. Жау. Өзі күшті. Өзі мейірімсіз. Белінде балтасы бар. Қойында пышағы бар. Бірақ әйел мен балаға әлі келмейді. Әйткені, бұлардың иті бар екен. Бөрбасар деген. Иә, мына біздің Бөрбасар сияқты. Осы Бөрбасардың арғы атасы. Қарақшы: "Қажып, шаршап келе жатқан қолаушы едім" деп сусын ішіп, күш жиған соң, енді өздерін жемек болып, әйел мен балаға ұмтылады ғой. Сол кезде Бөрбасар қарақшыны тура желкеден алып жығады. Апасы бас са-лып кеудесіне мінеді. Баласы жүгіріп ба-рып шылбыр өкеледі. Үшеулеп байлап-ды да алады қарақшыны. Міне, қандай қайратты әйел болған. Міне, қандай ба-тыр бала болған. Міне, қандай ақылды, адал тебет! "Қарақшы неге жалғыз жүреді?" - деп сұрады Жансалқам. - Мылтығы қайда?" "Мылтығын далада кездескен аңшы мерген тартып алып-ты, - дедім мен. "Ә,ә... - Жансалқам ойланып қалды. - Мылтығын алған соң неге қоя берген?" "Қоя берген... Жалын-ған ғой. Алдаған. Содан соң қаны ашып қоя берген". "Ә-ә... - дейді Жансалқам. - Жаны ашымау керек. Өлтіру керек! Ба-уыздап, терісін сыпырып..." Міне, кешегі өз қолынан сояр малынан: "Сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ", - деп кешірім сұрайтын моын қазақтың бүгінгі бала-сы! "Өлтіру керек!" Бізді қудалаған, ба-рымызды түгел тартып алып, қоныстан аударған, қолдарына түссек ойлан-бай ататын қарақшылармен сөз қысқа. "Ата, жезтырнақты өлтіретін ертегі айт!" дейді Жансалқам. Қазіргі бала ертегіден қорықпайды. Несіне қорықсын. Өзінің көрген сұмдығы ертегіден он есе. Беліне балта байлаған қарақшы, саусағын жең ішіне тыққан жезтырнақ дегендер не, ауыл үстіне ат ойнатқан, үй арасында адам атқан қаһарлы қызыл перілермен салыстырғанда. Дәрменсіз де аңғал, күндік тамағынан басқа ештеңе ісі жоқ ақымақ, бозөкпе сорлылар. Қой құзететін төбет алып ұрады, арқар аулаған аңшы атып жығады. Табан асты-нан көтерілген, жарты дүниені баурына басқан батыр балшабектерді айт!..

Таң алдында ат шашасынан қар түсті. Құрғақ, құмдай сусыған майда қар. Күн оқыс жылып кеткендей. Үп ет-кен жел жоқ. Ертемен тұрғанда төңір тегіс тіршілік ордасына айналғандай сезіндік. Әудем жерде айғыр үйір жылқымыз тұр. Таяу төңіректі түгел жапқан, теп-тегіс, аппақ қар үстінде сирақтары ұзарып, денелері іріленіп кеткендей, аса зор көрінеді. Құнан, байталдар құйрығын тіге ойнақ қағып, мама би-елер қар тегіп жүр. Көк айғыр қармен, қылаумен бозбғыл тартқан, құрық-жалы шұбатылып, аяғын кере тастап, көл-дененейді ойкастайды. Тентектерді ша-шау шығармайтын бас бақташымыз осы жануар. Арыда, өркештері ба-ладай, үсті-басы ақшулан төрт түйе жүр. Қолда өскен мал емес, әлдебір ертегіден шыққан өзгеше мақұлтыр сияқты. Ашық аспан, тұнық ауада аяқ басқан дыбысыңа дейін анық естіледі. Мен жартылай ғана қар жабылған жағал буталар төмешіктене шұбартқан актеңбіл далаға - жалпақ даланың сұр күмбезбен қиылысқан көкжолық кемеріне мейірілене қарадым. Дүние қандай кең. Қандай таза. Кенет үй іргесінен, дәл аяқ астынан жүгіріп өткен тышқан ізіне көзім түскен. Міне, тіршілік! Ең да-лада уя басқан, табиғат заңымен ғана ғұмыр кешкен, өкіметі жоқ, полиция-сы, саясаты жоқ жәндіктердің талайы өзгеше екен ғой!..

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

«СІЗГЕ БАНКТЕН ҚОҢЫРАУ ШАЛЫП ЖАТЫР»: ТЕЛЕФОН АЛАЯҚТАРЫН ҚАЛАЙ ТАНУҒА БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ескертеді: телефон алаяқтығы ақша қаражатын ұрлау мен алаяқтық қарыздарды ресімдеудің кең таралған схемаларының бірі болып қала береді.

СХЕМА ҚАЛАЙ ӨРЕКЕТ ЕТЕДІ?

Қаскүнемдер азаматтарға телефон шалып, банктік шот бойынша күдікті операциялар, кредит ресімдеуге талпыныс, банктің мобильдік қосымшасына шабуыл жасау, ақшалай қаражатты жедел қорғау немесе оны «қауіпсіз» немесе «қорғалған» шотқа аудару қажеттігі туралы хабарлайды.

Сенімділікті күшейту үшін алаяқтар клиенттің дербес деректерін айта алады, банктің, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері ретінде таныстыра алады, сондай-ақ психологиялық қысым көрсетіп, нұсқауларды дереу орындауды талап ете алады.

Соңғы уақытта екінші мобильді құрылғыны қолдану схемасы жиі қолданылады. Азаматтан түрлі сылтаумен екінші телефонды немесе планшетті пайдалануды, бейнебайланысты қосуды, мобильдік құрылғының экранын көрсетуді, банктің мобильдік қосымшасына кіруді немесе сұхбаттасушының бақылауымен белгілі бір іс-әрекеттерді орындауды сұрайды. Мұндай талаптар алаяқтықтың сипатты белгілерінің бірі болып табылады және банктің мобильдік қосымшасында операциялар жасау кезінде клиенттің әрекеттерін бақылауға алуға бағытталған.

Психологиялық қысымды пайдаланып және шұғыл сезім тудырып не сенімге ие бола отырып, алаяқтар азаматтарды банктің мобильдік қосымшасындағы әрекеттерді өз бетінше орындауға, биометриялық сәйкестендіруден өтуге және ақыр соңында ақша қаражатын жоғалтуға немесе кредитті ресімдеуге әкелетін операцияларды растауға көндіреді.

АЛАЯҚТАР ҚАНДАЙ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ЖИІ ПАЙДАЛАНАДЫ?

Мына сөздер сақ болуға себеп болуы тиіс: «Сіздің шотыңыз бойынша күдікті операция жүргізіліп жатыр»,

«Сіздің шотыңызға қауіп төніп тұр», «Сіздің атыңызға кредит ресімдеуге тырысып жатыр», «Дереу ақшаны қауіпсіз шотқа аударыңыз», «Кредитке өтінімді дереу жою қажет», «Мына сөйлескенімізді ешкімге айтпаңыз», «Әрекетті болдырмау/растау үшін SMS кодын таңдаңыз», «Шотты қорғау үшін қосымшаны орнатыңыз», «Екінші телефонды алып, біздің нұсқауларымызды орындаңыз», «Экран көрсетілімін қосыңыз», «Телефон экранын бейнебайланыс арқылы көрсетіңіз», «Бейнебайланыс арқылы өзіңізді растаңыз».

НЕНІ БІЛУ МАҢЫЗДЫ?

Банк қызметкерлері: - СМС-кодтарды, push-кодтарды және құпия сөздерді сұратпайды; - ақшалай қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету үшін оларды басқа шоттарға аударуды сұрамайды; - банк картасының толық нөмірін және CVV-кодты сұратпайды; - екінші мобильді құрылғыны пайдалануды, экранды көрсетуді немесе бейнебайланысты қосуды сұрамайды; - телефон арқылы қысым көрсетпейді және шұғыл әрекеттер жасауды талап етпейді.

Банктердің, құқық қорғау және мемлекеттік органдардың қызметкерлері растау кодтарын хабарлауды, телефон немесе бейнебайланыс арқылы биометриялық сәйкестендіруден өтуді, олардың нұсқауы бойынша қаржылық операцияларды орындауды талап етпейтінін есте сақтаған жөн.

ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Мынадай әрекеттерді жүзеге асыру ұсынылады: - растау кодтарын және дербес деректерді ешкімге хабарламау; - телефон арқылы белгісіз тұлғалардың нұсқауларын орындамау; - күмәнді сілтемелерге өтпеу; - қоңырау шалушы тұлғаның өтініші бойынша қосымшаларды орнатпау; - бөгде тұлғаларға банктің мобильді қосымшасындағы әрекеттерді бақылауға мүмкіндік бермеу, экранды көрсетуді және бейнебайланысты қоспау;

- белгісіз тұлғалардың нұсқауы бойынша екінші мобильді құрылғыны немесе планшетті пайдаланбау; - күрделі құпиясөздерді және екі факторлы аутентификацияны пайдалану; - кредиттік тарихты, банк хабарламаларын және шоттар бойынша операцияларды тұрақты түрде тексеріп отыру; - «Стоп-кредит» сервисін пайдалану; - күмән туындаған жағдайда банктің интернет-ресурсында немесе төлем картасында көрсетілген ресми телефон нөмірі бойынша банкпен өз бетінше байланысу.

Есте сақтаған жөн: егер сұхбаттасушы қысым көрсетсе, қоқан-лоқы жасаса, сөйлесуді құпия сақтауды немесе шұғыл шешім қабылдауды талап етсе – сөйлесуді дереу тоқтату қажет.

ДЕРЕКТЕРДІ ХАБАРЛАП ҚОЙҒАН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Егер алаяқтарға растау коды, карта деректері берілсе немесе ақшалай қаражат аударылса: - банкке дереу хабарласыңыз; - картаны және мобильді қосымшаға кіру мүмкіндігін бұғаттаңыз; - жазысқан хаттарды, телефон нөмірлерін және операциялар туралы ақпаратты сақтаңыз; - қаскүнемдердің телефон нөмірін «116» нөмірі бойынша хабарлаңыз; - құқық қорғау органдарына жүгініңіз. Агенттік азаматтарды қырағылық танытуға және мынаны есте сақтауға шақырады: банктердің, құқық қорғау және мемлекеттік органдардың қызметкерлері ақшалай қаражатты «қауіпсіз шоттарға» аударуды, растау кодтарын хабарлауды, қосымшаларды орнатуды, мобильді құрылғының экранын көрсетуді немесе операцияларды жүргізу үшін екінші құрылғыны пайдалануды талап етпейді. Телефон алаяқтығынан қорғанудың негізгі тәсілі – қысымға берілмеу, сөйлесуді тоқтату, қаржылық операцияларды орындамау және белгісіз тұлғалардың нұсқауы бойынша дербес деректерді бермеу, сондай-ақ ресми байланыс деректері бойынша қаржы ұйымымен өз бетінше байланысу болып табылады.

СТАЦИОНАРЛЫҚ ЖӘНЕ СТАЦИОНАРДЫ АЛМАСТЫРАТЫН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КІМГЕ КӨРСЕТІЛЕДІ?

Қазақстанда медициналық көмек тәулік бойы жұмыс істейтін стационар жағдайын -да, сондай-ақ стационарды алмастыратын жағдайларда – күндізгі стационарларда және үйдегі стационарларда көрсетіледі. Бұл формат пациентке ауруханада тәулік бойы жатпай-ақ қажетті ем мен медициналық бақылаудан өтуге мүмкіндік береді. Стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек азаматтарға медициналық көмектің түріне және тиісті медициналық көрсеткіштердің болуына қарай тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетіледі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусметовтің айтуынша, 2026 жылы Қор филиалы медициналық қызметтер көрсету бойынша 121 медициналық ұйыммен шарт жасасты, оның 90-ы жекеменшік медициналық ұйым. Медициналық қызмет көрсетушілер қатарында:

стационарлық медициналық көмекті 24 медициналық ұйым көрсетеді, оның ішінде 16 мемлекеттік және 8 жекеменшік; стационарды алмастыратын көмекті 42 медициналық ұйым көрсетеді, оның ішінде 12 мемлекеттік және 30 жекеменшік.

2026 жылы Қызылорда облысында стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуге Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен 54,514 млрд. теңге қарастырылған, оның ішінде 6,261 млрд. теңге жекеменшік медициналық ұйымдарға бағытталған. Бұл ретте ауылдық стационарлық мекемелердің бюджеттері тиісінше 21,562 миллиард теңге және 1,592 миллиард теңге елімізде белгіленді.

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ҮЙДЕГІ СТАЦИОНАРҒА ЖӘНЕ КҮНДІЗГІ СТАЦИОНАРҒА ЖАТҚЫЗУ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

Стационарды алмастыратын көмек келесі жағдайларда көрсетілуі мүмкін: тәулік бойы медициналық бақылауды талап етпейтін созылмалы аурулардың өруші; динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулары бар пациенттер тобын белсенді жоспарлы сауықтыру; медициналық көрсеткіштер бойынша

стационарлық емдеу курсынан кейінгі келесі күні пациентті емдеу; екінші және үшінші кезеңдік медициналық оңалту курстарын өткізу; паллиативті көмек; жұқпалы асқынулар қауіпі бар және маусымдық вирустық аурулар кезінде оқшаулауды қажет ететін орфандық аурулары бар балалар үшін үнемі фермент алмастыру және антибиотикалық терапия алу.

Күндізгі стационарға емдеуге жатқызуға арналған көрсеткіштер (тәулік бойы стационар кезінде): операцияға дейінгі дайындық пен реанимациялық қолдау көрсететін операциялар мен араласулар; клиникада жоқ, арнайы алдын-ала дайындықты немесе зерттеуді қажет ететін күрделі диагностикалық зерттеулер; қан препараттарын құюмен, қан алмастыратын сұйықтықтарды вена ішіне құюмен, ерекше гипосенсибилизирлеуіш терапиямен, қатты әсер ететін препараттардың инъекциясымен, дорілік заттарды буын ішіне енгізумен байланысты науқастарды бақылау және емдеу; стационарлық емдеуден кейін келесі күнгі күтім, егер операциядан кейін ерте шығаруға көрсеткіштер болса; паллиативті көмек; химиотерапия, сәулелік терапия, онкологиялық науқастарға мамандан бағытталған ем-шарадан кейін пайда болған патологиялық жағдайларды түзету.

СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕК ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА КӨРСЕТІЛЕДІ?

Стационарлық медициналық көмек пациентті аурухана жағдайында тәулік бойы медициналық бақылауды және емдеуді көздейді. Оны көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығымен бекітілген стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартымен реттеледі.

МӘМС аясында жоспарлы госпитализация медициналық көрсетілімдер болған жағдайда жүргізіледі. Ол созылмалы ауруларды емдеу, күрделі жоспарлы оталарды, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмекті жүргізу үшін қажет болуы мүмкін. Жоспарлы госпитализацияға жолдаманы қажетті тексерулер жүргізілгеннен кейін бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымының емдеуші дәрігері немесе бейінді маманы береді.

Шұғыл госпитализация пациенттің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда жүзеге асырылады. Мұндай көмек сақтандырылу мәртебесіне қарамастан ТМҚК аясында көрсетіледі.

МӘМС жүйесі аясында стационар жағдайындағы медициналық оңалту ауыр

дерттерден, жарақаттардан және хирургиялық араласулардан кейін пациенттердің денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған.

ЖОСПАРЛЫ ГОСПИТАЛИЗАЦИЯҒА ЖОЛДАМАНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Жоспарлы стационарлық көмек алу үшін:

- Тіркелген жері бойынша емханадағы жергілікті дәрігерге немесе бейінді маманға жүгіну.
- Амбулаториялық жағдайда қажетті диагностикалық тексерулерден өту.
- Медициналық көрсеткіштер бойынша жағдайда жоспарлы госпитализацияға жолдама алу.
- Жолдама рәсімделгеннен кейін пациент туралы мәліметтер Емдеуге жатқызу бюросы порталына енгізіледі. Пациентке госпитализацияның жеке коды бар жолдама беріледі. Осы код арқылы Емдеуге жатқызу бюросы порталының сайтында кезектің мәртебесін бақылай алады.

Сондай-ақ пациент ТМҚК немесе МӘМС шеңберінде тиісті медициналық көмек көрсететін Қордың медициналық қызметтерді жеткізушілері арасынан медициналық ұйымды таңдай алады.

СТАЦИОНАРДЫ АЛМАСТЫРАТЫН КӨМЕК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Стационарды алмастыратын көмек пациентті ауруханада тәулік бойы жатқызбай-ақ емдеуге және медициналық бақылауға мүмкіндік береді. Ол емханалар жанындағы күндізгі стационарларда, сондай-ақ үйдегі стационарларда көрсетіледі. ӘМСҚ-ның филиалының басшысы Жақсылық Абдусметовтің айтуынша, мұндай формат тұрақты емдеуді, медициналық емшараларды немесе бақылауды қажет ететін, бірақ тәулік бойы стационарда болуды қажет етпейтін пациенттер үшін аса маңызды.

СҰРАҚТАР ТУЫНДАҒАН ЖАҒДАЙДА ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Медициналық көмек алу мәселелері бойынша азаматтар ең алдымен өздері қызмет алатын медициналық ұйымның Пациенттерді қолдау қызметіне жүгіне алады. Егер мәселені медициналық ұйым деңгейінде шешу мүмкін болмаса, өтінішті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына мына арналар арқылы жолдауға болады:

Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы;
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайты;
@SaqtandyrıBoi Telegram-боты;
1414 байланыс орталығы.



ТОҚТЫ. Айдың бас жағы өте сәтті. Алғашқы күндері көңіл-күй көтеріңкі, тіпті жүктеме ауыр болғанымен де көңіл-күй бұзылмайды. Бұл уақыт спортпен айналысуға қолайлы, тіпті белсенді өмір салттың қалыптастырған жағдайда, қуат арта түседі. Ең бастысы ас мәзіріне назар аудару керек. Тойып жемеген дұрыс. Өріне қатаң диета міндетті емес, бірақ қанағат ету де зиянды емес.

Айдың бас жағы басқалармен қарым-қатынас жасауға да қолайлы. Көптеген Тоқтылар кішіпейілділік танытып, келісімдерге келуге дайын. Айналадағылар бұны бағалай біледі. Бұрын Тоқтымен ортақ тіл табысу қиын деп ойлайтын адамдар өз қателіктерін сезінеді.

Айдың орта шенінде көптеген Тоқтылар үшін күнделікті тірлікпен айналысу қиынға соғады. Басқа бір қызықты оқиғаларды, жарқын әсерлерді, жағдайдың өзгергенін көңіл қалайды. Жолсапарға шығуға жақсы кезең. Алайда бейтаныс маршруттармен жүргенде абай болған жөн. Қолайсыздықтар, сәтсіз сәйкестіктер орын алуы мүмкін. Сондай-ақ айдың орта шені өмірлік жоспар туралы ойлануға, немесе өзгеріс жасағысы келіп жүрген тұсты анықтап алуға қолайлы.

Айдың соңғы жағында көптеген Тоқтылар маңызды міндеттерге көңіл бөле алмайды. Ұсақ-түйекке көп уақыт кетіп, соған бола көңіл-күйі бұзылады. Отбасындағы да, үйдегі де жағдай шиеленісті. Қайсыбір іспен айналысқанда да өзіне одақтастар, көмекшілер табу қиын. Ең дұрысы өз күшіне сенген жөн. Дегенмен жақсы жаңалықтар да бар. Соңғы күндері айналасындағылармен тіл табысу оңайға түседі. Іскерлік және жеке қарым-қатынастар да бұрынғыға қарағанда түзеледі. Ортақ жоспарлар құруға, байланыстарды нығайтуға қолайлы уақыт.

ТОРПАҚ. Айдың бас жағы қолайсыз жағдайлардан бұрын өзінің әрекетіне, көңіл-күйіне байланысты қиынға түседі. Тіпті ұсақ-түйектің өзіне қатты мән береді. Көптеген Торпақтар мінездің тепе-теңдігін сақтай алмайды. Соған байланысты айналадағылармен қарым-қатынас әдеттегіге қарағанда қиындау. Өз ойында бір орында тұрып қалған сияқты, жағдайды өзгертуге ұмтылған кез-келген әрекеті сәтсіздікке ұшырайды. Дегенмен қорытғынды жасауға асықпаған жөн. Көп ұзамай бәрі де қалпына келеді.

Айдың орта шені жаңа іс бастауға қолайлы. Көптеген істе керемет нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік болады. Сондай-ақ бұл кезең қаражат мәселесін шешуге қолайлы. Көптеген Торпақтардың көшбасшылық қасиеті ашыла түседі. Бәлкім бұл белгідегілер өзіне мықты одақтастар тауып, солардың қолдауына сүйеніп, немесе ықпалды адамдардың бірлесе әрекет ету туралы келісімдерімен өз-өзін көрсете біледі.

Қаржылық мәселелер оңынан шешіледі. Өзі бастама көрсете білсе, табысты келісім шарттар жасауға болады. Көптеген Торпақтар қаржы ісінде тәртіпті бақылайды. Нәтижесінде орынсыз шығынға ұрынбайды. Жас Торпақтар бюджетті жоспарлай бастайды, есесіне оның пайдасын да түсінеді.

Айдың соңғы жағында өмірлерінде өзгеріс орын алады. Бұрын қарапайым көрінетін кейбір мәселелерге басқаша қарай бастайды. Көптеген Торпақтар өзінің қаражаттық жағдайын жақсартады, ал кейбіреулері өздері үшін маңызды, қымбат құндылықтарын сақтап қалады.

Романтикалық қарым-қатынаста үйлесімділік бар. Жақсы көретін жанмен дау-дамайға негіз жоқ. Керісінше бірге көңілді уақыт өткізуге болады, әсіресе бірге жолсапардың әсері зор.

ЕГІЗДЕР. Айдың бас жағы әдеттегідей емес. Іскерлік байланыста да, жеке қарым-қатынаста да қиындықтар кездеседі. Бұрынғы келісім шарттар бұзылуы мүмкін. Бұған дейін іскерлік байланыста жемісті бірге әрекет еткен әріптестер тарапынан қолайсыздықтар, қиындықтар болуы мүмкін. Айналадағылардың іс-әрекеті ақмақтың тірлігі сияқты, алайда қазір жақын адамдарды, немесе сенімді одақтастарды сынайтын кез емес. Өйткені олар да көңіл-күйге берілуі мүмкін.

Айдың орта шенінде жақсы жаңа-лықтар орын алады, әсіресе іскерлік сала-сында. Бәлкім қызықты іскерлік ұсыныс болып қалар. Бұл ұсыныстардың кейбірі табысты көбейтуге мүмкіндік береді. Бұл кезең әсіресе әкімгершілік салада жұмыс істейтіндер, басшы қызметтегілер, сондай-ақ өз бизнесі барлар үшін өте табысты.

Айдың екінші жартысы біріншісіне қарағанда жемісті. Барлық салада жақсы өзгерістер бар. Бұған дейін жалғыздықты сезініп, немесе жақсы көрген адамымен қарым-қатынас дұрыс болмай жүрсе, қазір жақсы жаққа өзгеріс бар. Бастама көтеруден бас тартпау керек. Егер ұнаған

жан болса оған бірінші қадам жасау қажет.

Айдың екінші жартысында жұмыс орнында дау-дамай орын алуы мүмкін. Егер де мүмкіндігі болса бәсекелестіктен, бақталастықтан бойды аулақ ұстаған дұрыс. Әріптестермен, басшылықпен қарым-қатынас барлық кезде түзу бола бермеуі мүмкін. Ашық дау-дамайға бармай, келісімге келу, түсінісу мүмкіндігін пайдалану керек.

Айдың соңғы жағы жақын адамдар-мен араласуға, отбасылық іс-шараларға, бірлескен демалысқа қолайлы.

ШАЯН. Өте қызғылықты ай. Аса маңызды істерге назар аударып, тек қана сонымен айналысу мүмкін емес. Бәлкім ұсақ-түйекке көбірек көңіл бөліп, басқалардың мәселесін шешуге көбірек уақыт кететін болар. Одан бөлек Шаяндардың кәсібі жоспарына әсер ететін күтпеген жағдай орын алуы мүмкін. Кейбір Шаяндар жұмысты өзгертуді ойлап, соған қарай алғашқы қадамдар жасайды.

Романтикалық қарым-қатынастарға айдың бірінші жартысы өте қолайлы. Алайда барлық Шаяндар жақын ада-мына өзі қалағандай көңіл бөле алмайды. Керісінше жоспарланған кездесулерді, жолсапарларды, бірлескен демалыстарды күтпеген жағдайларға орай кейін қалдыру-ға тура келеді. Сабырлы болып, барлығын серігіне түсіндіре білсе бәрі оңына келеді.

Айдың екінші жартысы алғашқысына қарағанда тұрақты. Ұзақ мерзімді жоспар құруға болады, немесе маңызды қаржылық мәселені шешіп тастауға да мүмкіндік бар. Жақын адамдармен ортақ тіл табысуға болады.

Айдың соңғы күндері шамалы көңіл-күй бұзылуы мүкін. Мінезге ие болу керек.

АРЫСТАН. Қиындықтар бар. Тез шешілуі қажет проблемалар пайда болады. Барлығын өзімен бірдей алып шығатын жанында адам болмауы мүмкін. Тіпті жөнді ақыл-кеңес айтатын адам да жоқ. Өкінішке орай кейбіреулер жолдан адастырғысы келеді. Ал енді кейбіреулер өзі қаламаса да Арыстандардың жоспары-ның жүзеге асуына кедергі етеді. Бөріне де сабырлы қарап, шыдамдылық танытқан жағдайда қыркүйек оқиғалары Арыстан үшін құнды тәжірибе болып қалады. Осы тәжірибенің арқасында маңызды шешім қабылдап, өз өмірін жақсыға бұра алады.

Айдың соңғы жағында қиындықтар азайып, сенімділік пен оптимизм пайда болады.

Айдың бас жағында көптеген Арыстандар үшін жақын адамдардың қолдауы өте қажет. Алайда отбасы мүшелері мен сүйікті адамынан гөрі достардың қолдауы күшті болады.

Жеке ба мәселесінде қиындықтар бар.

Ортақ мақсат, мүдде арқасында басқа жандармен арадағы қарым-қатынас

Жаңа оқу жылы басталды. Енді 2-4 сыныптарда формативтік бағалау тәртібі өзгерді. БЖБ мен ТЖБ-ның орнына аралық бағалау енгізілді. Формативтік бағалау арқылы оқушының бір ғана тапсырмасын емес, сабақ басталғаннан аяқталғанға дейінгі барлық оқу әрекеті тұтастай ескеріледі. Әр пән бойынша бір тоқсанда 30 сабақ өткізілсе, оқушы кемінде 9 сабақта формативтік балл алуға тиіс. Бұл – ең төменгі талап.

Аралық бағалау белгілі бір бөлім неме-се бөлімдер аяқталғаннан кейін сол кезеңде меңгерілген білім мен дағдыларды қорытын-дылайды. Оны диктант, бақылау жұмысы, шығарма және мазмұндама арқылы бағалайды.

Аралық бағалаудың ең жоғары баллы: 2-ші сыныпта 12 баллға дейін; 3-ші сыныпта 14 баллға дейін; 4-ші сыныпта 16 баллға дейін.

Мектептерде жаңа пәндер мен міндетті курстар да енгізілуде.

5–7-ші сыныпта «Конституция негіздері» пәні; 8–11-ші сыныптарда «Заң мен тәртіп» міндетті курсы; 5–11-ші сыныптарда «Жеке қауіпсіздік» міндетті курсы оқытылады.

Келесі оқу жылынан бастап 8–9-сыныптарда «Қазақстан географиясы» пәні қайта енгізіледі.

Клубтар, үйірмелер мен әскери-патриоттық сыныптар «Жас айбын» бірыңғай мәртебесімен біріктірілді. Жоба қытасушылары үшін келісімшарт бойынша әскери қызметке және әскери оқу орындарына түсу кезінде ынталандыру шаралары қарастырылды.

Сондай-ақ мектептерде профилактикалық медициналық тексерулер мен мектеп медицинасының цифрландырылған жүйесі кезек-кезеңімен енгізіледі.

Балаларды тексеру кезінде цифрлық элек-тромадиографтар, фенедоскоптар, пульсо-ксиметрлер, отоскоптар және басқа да заманауи диагностикалық құралдар пайдаланылады.

Баланың денсаулығына қатысты мәлімет-тер цифрлық жүйелерде жинақталады. Бұл медициналық тексеру нәтижелерін, қауіп фак-торларын және мамандарға жолдамаларды бір жүйеде бақылауға мүмкіндік береді.

жақсарлады, өйткені ортақ іс адамдарды бір-біріне жақын етеді, ұсақ-түйек келіспеушіліктерді ұмыттырады. Сондай-ақ түсінбеушіліктерді, бір-біріне қанағаттанбаушылықты да ортақ мақсаты барлар елен ете бермейді.

Айдың орта шені жемісті. Не нәр-сеге қол жеткізуге болатынын Арыстан анық түсінеді. Көптеген Арыстандар үшін бұл кезең біраз уақыттан бері өзде-рін ойландырып жүрген сұрақтарға жауап уақыты. Болашақ туралы ойлау тіпті де қиын емес. Оның үстіне сенімді одақ-тастар мен іскер әріптестер пайда болады. Бұл өз-өзіне деген сенімін арттырады.

Айдың соңғы жағында жақын адамына деген қарым-қатынасына назар аудару керек. Өріне қиыншылықтар бар, өз осал тұсын жақын адамына айтудан, қиындықтарды бөлуден қорықпау керек.

Айдың соңғы жағында кәсібі өсуге, шығармашылық ортада өз ұстанымын нығайтуға, өзі үшін маңызды істе табысқа жетуге мүмкіндік мол. Бұл кезең өз мақсатына қарай батыл қадамдар жасайтын уақыт.

БИКЕШ. Өте тыныш ай. Барлық салада күрделі мәселе жоқ. Кейбір Бикештер үшін жұмысындағы, кәсібіндегі тәртіпсіздік, немесе жоспарындағы берекесіздік көңіл құлазытуы мүмкін. Күтпеген оқиғалар көп орын алуы мүмкін. Әдеттегі үйреніштің графикаі бұзып жіберетін оғаш сәйкестіктер кездесіп қалады. Дегенмен бұл алға қойған мақсатқа жетуге, мәселелерді дер уақытында шешуге кедергі етпейді.

Айдың бас жағы айналадағылармен қарым-қатынаста қиындық тудырады. Олардың кейбір әрекеттері Бикештер үшін түсініксіз. Олардың бұл тараптағы түсіндірмесі Бикешті қанағаттандыр-майды. Бәлкім кейбіреулер үшін Бикештер өте ұсақшыл, бөріне сын көзбен қарайтын, ешнәрсе де ұнамайтын, ұсақ-түйекке дейін қазалайтын, көп адамды өзінен төмен санайтын жан болып көрінуі мүмкін. Нәтижесінде ұсақ-түйек ұрыс-керіс, өкпе-реніш жеткілікті. Дегенмен жағдайды түбегейлі өзгертпегенмен дау-дамайды ұлғайтпауға, өкпе-ренішті көбейтпеуге болады. Бикештер өзінің жақсы адам екенін, сондай-ақ басқа-лардың ойлағанындай емес, келісімге келе алатынын, айналасымен тіл табыса алатынын көрсете білу керек.

Айдың бас жағында шамалы болса да табыс бар. Кіріс кірмегенменен өзінің кәсіби білгірлігін көрсете алады. Басшылық Бикеш жағында. Сондықтан да алаңдауға негіз жоқ. Жұмыс іздеп жүрген Бикештер көптеген ұсыныстар алады. Түйсігімен жақсысын таңдай білсе дұрыс.

Айдың екінші жартысы өте жемісті, тыныш, өте ауқымды жобаларды қолға

алуға қолайлы. Өз бизнесі бар Бикештер оны қалай кеңейтудің жолын біледі. Көмектесетін адамдар да жанынан табылады. Іскерлік келісім шарттарды бастауға болады, өте жемісті.

Жұлдыздар оқиғаларды асықтырмауға, өзіне қарағанда баяу ойланып, ақырын әрекет ететіндерге қысым көрсетпеуге кеңес береді. Ондай адамдар өте пайдалы серіктестер бола алады. Оларға жағдайды зерделеп, өзіндік шешім қабылдауға мүмкіндік беру керек.

Айдың екінші жартысында романти-калық қарым-қатынастар пайда болады. Әдетте Бикештер бұған уақыт таба бермейді. Оның үстіне кейбіреулері басқа іспен айналысады. Сондықтан да сезімге де мән беру керек.

Айдың екінші жартысы дүниетанымды кеңейтуге қолайлы.

ТАРАЗЫ. Үйренуге, оқуға дайын болу керек. Бұл айда көптеген жаңа істер, жаңа міндеттер күтіп тұр. Оның бәрін қалай игеруге болатындығын өз бетінше шешуі қажет. Өйткені оған ақыл айтатын, көмек көрсететін адам жанында жоқ. Кейбір Таразылар жұмысында да, үйінде де түсінбеушіліктерге тап болады. Қазір ең бастысы өз ұстанымын сақтап, шыдамдылықпен дау-дамайдан бойды аулақ ұстау керек. Көптеген Таразылар үшін жақын адамдармен жақсы қарым-қатынасты сақтап қалу ең маңызды.

Айдың бас жағы әсіресе жасөспірім балалары бар Таразылар үшін қиындау. Үлкендер жас өскіндермен тіл табыса ал-майды, ал кішілер үлкендермен келісімге келгісі келмейді. Содан да жаңа оқу жы-лының алғашқы күндері қиынға соғады.

Айдың орта шенінде жеке басына қатысты туындаған мәселені шешуге мүмкіндік бар. Бұл кезең сондай-ақ романтикалық қарым-қатынастарға қолайлы. Бұрын қарым-қатынас қиындау болса, қазір бәрін реттеуге мүмкіндік бар.

Айдың соңғы жағында жақсы жаңа-лықтар бар. Екі жоспарларды жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады. Бәлкім біреу көңілді басқа жаққа аударалы, немесе әлдебір оқиға әсер етіп жолдан шығартысы келеді. Дегенмен көп күш жұмсамай-ақ өз бағытын сақтап қалуға мүмкіндік бар.

САРЫШАЯН. Барлығына да тез қол жеткізіп үйренген Сарышаяндар үшін айдың бас жағы қиындау. Шыдамдылық таныта білу керек, өйткені барлық жерде де іркілістер болып тұр. Ойлағанның бәрін бірден жүзеге асыруға мүмкіндік жоқ.

Айдың бас жағында шамалы қаржылық қиындықтар орын алады. Ең бастысы ақша жұмсағанда артқа алып қалып отырған жағдайда тақырға отырып қалу мүмкіндігі азаяды.

Айдың екінші жартысы өте қолайлы.

Айдың екінші жартысы өте қолайлы.

Ешқандай қиындық жоқ, бәрі де өз ойындағыдай. Бұл уақыт әсіресе соңғы кездері өте қатты шаршаған Сарышаян-дар үшін жақсы. Жоспарын анықтап алуға болады. Көңіл-күйін құлазытқан отбасылық келіспеушіліктер кейінге қалады. Жақын адамдары қолдау білдіруге дайын. Жақын адамымен келіспей қалған Сарышаяндар келісімге келіп, қарым-қатынасын қайта қалпына келтіреді. Келіспей қалып, бөлек кеткен серікес-термен қайта татуласу мүмкіндігі бар.

МЕРГЕН. Өте табысты ай. Өріне барлығы керемет болады деп айту қиын. Дегенмен жақсы жағдайлар жиі орын алады. Түйсікке салып, оны ретімен пайдалануға болады. Іскерлік саласында жағдайдың жақсыға өзгергені бірден көзге көрінеді. Бұған дейін өзінің таңдаған кәсіби жолына кумәнанып, бұдан басқа нәрсемен айналысқаным дұрыс па еді деп жүрген Мергендердің ісі оңға басады. Олар үшін мүмкіндіктер айы, тіпті басқалармен табысы мол, болашағы зор жобаларға біріге алады. Сондай-ақ жаңаны үйренген де жөн. Ешқандай проблема жоқ. Мергендер үйреткенді бірден қағып алады. Айналадағы жандар қолдау білдіріп, тәжірибелерімен бөлісіп табысқа қалай жету жолын көрсетеді.

Айдың бірінші жартысында көптеген Мергендер үшін кәсіби міндеттер бірінші орынға шығады. Отбасы мүшелеріне де назар аудару керек.

Айдың екінші жартысы әралуан оқиғаларға толы. Бірнеше міндетті бір уақытта шешетін кезең. Өз уақытын қайда жұмсайтындығы және оны дұрыс пайдаланып жүргендігі өткір сұраққа айналады. Барлығы да өз-өзінен қалпына келеді деген ойдан арылып, құндылықтарды анықтап алу қажет. Өз өміріндегі салғырттықтан, тәртіпсіздіктен құтылуға күш салу керек. Мергендердің ісіне бөтен адамдардың араласуы көбейеді, сондықтан да өз шекарасын қорғай білуі қажет. Өз-өзін басқалардың билік етуінен, бөтендердің ығына кетіп қалудан сақтай білуі керек. Егер де басқалар билік жүргізгісі келсе қатаң жауап беру қажет. Қазір басқалардың жетегінде жүргеннен гөрі өз мүддесін жүзеге асыруға дұрыс.

ТАУЕШКІ. Қиын ай. Барлығы да ойдағыдай бола бермейді. Бәрін жүрекпен қабылдайды. Әсіресе қаржы мәселесінде. Түйсігі кірісті көбейту қажет дейді. Ал жұмыстағы жағдай бұған қолайлы емес. Әріптестермен, басшылармен келіспеушіліктер орын алуы мүмкін. Кейбір сәттерде басқа жақтан жұмыс іздесем бе екен деп те ойланады. Батыл қадам жасаудан қорықпау керек. Бір жағынан асықпаған да дұрыс. Бәлкім барлық ұсыныс өзі ойлағандай бола бермейді. Сондықтан да таңдауға, әртүрлі нұсқаларды салыстыруға, түбегейлі өзгерістер жасауға асықпау керек. Жеке қарым-қатынаста бәрі де оңынан келіп тұр.

СУҚҰЙҒЫШ. Құрделі ай. Маңызды шешім қабылдауға асықпау керек. Көп күн ойланып, барлығын таразылап, жан-жағымен ақылдасып барып, шешім қабылдаған дұрыс. Жақсы жаңалықтар орын алады. Жұмыс орнында өз беделін нығайтып, ықпалды адамдардың қолдауына ие болады. Көптеген Суқұйғыштар өздерінің жақсы жағын, қиын міндеттерді шеше алатын, басқаларға басшылық жасай алатын қабілеттерін көрсетеді. Егер де біраз уақыттан бері қызметтен өскісі келіп жүрсе, өз қабілетін көрсетіп жақсы жағы-нан көрінген жағдайда жақсы ұсыныс та алады. Бұрыннан келе жатқан кәсіби дау-дамайды реттеуге, жаңа әріптестермен бірлесіп серіктес болу туралы келісімге қол жеткізуге болады. Кәсіпкерлер өз бизнесін кеңейтетін әдісті табады. Бәлкім оған біраз шығын кетер, бірақ қайтарымы болады.

Айдың екінші жартысында отбасылық мәселелерді шешуге тура келеді. Туыскандармен қарым-қатынаста қиындықтар бар. Кейбіріне көмек қажет болар, бәлкім қаражат жағынан. Ұсақ-түйек дегеннің өзіне аса мән беру керек. Егер де олардың шешіміне ұқыптылықпен қараған жағдайда бәрі сәтті болады.

БАЛЫҚ. Бәрі де оңай емес, әсіресе үлкен жоспары бар жандар үшін. Өмірін қаншалықты өзгертіскі келсе, соншалықты қиын. Асыққан жағдайда кейін жөндеуді қиын қателіктерге бой алдыруы мүмкін. Дұрысы шыдамды болу.

Айдың орта шеніне дейін қаражат мәселесін шешуге асықпау керек. Мәселе ірі көлемдегі қаражатқа тірелсе, қайта-қайта ойланған дұрыс. Бәлкім дәл қазір оның уақыты емес шығар.

Айдың бас жағы кәсіпкерлер үшін қиын. Не нәрсеге ақша салуға болатындығы, қай жерден үнем жасауға болатындығы барлық кезде бірдей белгілі емес. Тұтастай алғанда іскерлік әлемінде түсініксіз, айқын емес жағттар көп. Содан да қателесу мүмкіндігі зор.

Айдың екінші жартысы бірінші кезіне қарағанда тыныштау. Көптеген сұрақ-тардың жауабы табылады. Бұрынғы жос-парға қайта оралып, оны жүзеге асыруға болады. Кезінде өзі көмектескен жандар қолдау көрсетеді. Қазір іскерлік әріптестер мен одақтастарды таңдай білу керек. Күмәнді адамдармен, тіпті олар ешқандай кедергі келтіре алмайды деп ойлағанда да, байланыспау керек. Өз беделін құртып алады. Ал оның ақыры қиын. Отбасында жақсы жаңалық орын алады.